



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазак

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№6

(890)

18 ақпан

2022 жыл

ЖАНАЙҚАЙ

ӘТТЕҢ, ТОННЫҢ КЕЛТЕСІ-АЙ!

«Jas qazaq газетінен көмек сұраймыз» деп хабарласқан оқырманымыздың етініші бойынша өзі айтқан мекенжайға дереу аттандық. Алматыдағы «Ақбұлақ» базары маңындағы «Заря Востока» ықшам ауданында өкен. Көпқабатты үйді тез тауып алдық. Зеулім үйде жылудан басқа жағдай жасалмаған, бөлмелері тар. Үш бөлмеге ас дайындайтын орын біреу-ақ. Тапа тал түсте тарақандар ары-бері жеңкіліп жүр. Биік ері ыңғайсыз сатымен көтеріліп, екінші қабатта тұратын Әлнұр Мұхаметханның бөлмесіне кірдік. Қуықтай бөлмеде Әлнұр мен Тұрғанкүл үш баласымен тұрады.



Әлнұр Мұхаметхан 1977 жылы Қытай жеріндегі Мұңғылкүре ауданында дүниеге келген. 2013 жылы күзде отбасын алып, Атажұртқа көшеді. Бірақ келе сала қиын жағдайға тап болған. Әлнұр әңгімесін былай деп бастады: «Ата-қонысқа көшіп келген күні жиған-терген 3 миллион теңгедей қаржымызды жүк басқан көліктен ұрлатып алдық. Ақшамен бірге менің құжаттарым да жоғалды. Полиция «ұрыны ұстаймыз, алаңдаманыздар» деген соң сеніп жүре беріппіз. Сөйтсек, іс сағызша созылып, ақыры нақты дәлел болмағандықтан, тоқтап қалды. Кейін барсақ, «қылмыстық құрам анықталмады» деп бізді манайларына жолатпады. Оған да «қош» дедік. Ең бастысы, «басымыз аман, бауырымыз бүтін». Құжаттарды қайта жасату үшін Қытайға сұрау жіберіп, архивтегі құжаттардың көшірмесін алдырдық. Әрең дегенде төлқұжат жасатып, азаматтығымызды алдық.

Бастапқыда бір жылдай Талдықорғанда, кейін сегіз жылдай Ұзынағаш ауылында тұрдық. Онда бір танысымыз бар еді, соның үйінде тұрақты тіркеуде болдық. Құрылыста жұмыс істеп, үй салуға әрекеттеніп қаражат жиған едім. Бірақ осыдан үш жыл бұрын қолым мен аяғыма түсініксіз жара шығып, жұмысымнан айырылдым. Үй саламыз деген қаржының барлығы ем-домға кетті. Бармаған жеріміз жоқ, баспаған тауымыз жоқ. Қанша емделсем де, түк нәтиже берер емес. Мен жұмысқа жарамай қалғандықтан, әйелім қазір жалғыз өзі жұмыс істеп, бүкіл отбасы Тұрғанкүлдің табысына қарап отыр. Өзім жұмыс істейін десем, аяқ-қолыма шыққан жара күннен-күнге үдеп, тіпті жүруден де қалдым», — дейді.

(Жалғасы 3-бетте)

АВТОКӨЛІК НАРЫҒЫ



МӘШИНЕ АРЗАНДАЙ МА?

Брекешев мәлімдеді. Демек енді екі аптадан кейін көлік нарығы қайта жандана бастауы мүмкін. Өйткені қазір елімізде темір тұлпар саудасы тоқтады. Көлік салондарынан да танымал сайт арқылы көлік алатындар қатары кілт азайған. Өйткені елдің бері утиль алым көлемі азайса, баға арзандайды деген дәмемен бір өзгерісті күтіп отыр.

Бірақ бұл өзгеріс алыпсатарлықпен ақша тауып, қалтасын кампайтып жүрген делдалдардың дымын құртты. Шетелге шықпай-ақ, арғысы Атырау мен Ақтөбеден, бергісі Балқаштан арзандау көлік әкеліп, сыртын сылап-сипап, қайтадан қымбатқа сататындардың бизнесі бір жарым айдан бері тоқтап қалды. Мәселен, алматылық Абзал Аткышбаевтың көлік алып-сатуды кәсіп еткені бір жылдан асыпты. Айына бір көлік сатпаса, шекесі сыздайды.

(Жалғасы 4-бетте)

ТАСЫМАЛ

ЖАҢА ҚҰРЛЫҚ ЖОЛЫ

Қазақстанның Омандағы елшілігінің қолдауымен, «Kazakhstan Carrier Company», «Atrakbar Khorasan» және «Integrated» көлік компанияларының бірлескен күш-жігерімен Алматы – Бәндар Аббас – Масқат бағыты бойынша пилоттық көлік жобасы іске қосылды. Optograd компаниясының өнімдері жер үсті көлігімен Оманның Суэйк портына жеткізілді.

Алдағы уақытта жаңа құрлық жолының мерзімін 12-14 күнге дейін қысқарту көзделіп отыр. Сондай-ақ ол қазақстандық тауарларды аймақтағы және Африкадағы елдерге жеткізуде әлеуеті зор транзит бағытына айналуы мүмкін.



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)
94,16



DOLLAR
428,46



EURO
486,72



РУБЛЬ
5,69

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Тоқсаныншы жылдардағы тоқырау тұралатқанда жұмыссыз қалған жандар қаланы бетке алып жеңкіле көшті. Қай облысқа бармаңыз, аудандардағы ауылдарды араламаңыз, бір көшенің бойына моншақтай тізілген еңселі үйлердің арасы сиреген. Көшкен ел шаңырағын бұзып, құрылысқа жарайтынын жөнелткен соң ауылдағы үйлердің арасы арса-арса ашылып қалды. Тіпті бұрындары түмен ауыл тұтасып отырған мекенде осы күнде «моласындай бақсының» әр төбеде бір түтіннен ғана қалған елді мекендер де бар. Осыдан отыз жыл бұрынғыдай қарқын алмаса да, ауылдан қалаға қарай көшу, мектеп бітірген жастардың көп тұрақ таппай, саяны цивилизациядан іздеуі әлі де тоқтаған емес. Жастарды ауылға тұрақтатпай тұрған жұмыссыздық.

Еліміздің экономикалық әлеуетін көтеретін негізгі күре тамыры – ауыл шаруашылығы. Мәжіліс депутаты, аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі Азамат Әбілдаевпен өрбіген сұхбатымыздың негізгі өзегі де осы ауыл шаруашылығы саласына қатысты болды. Өйткені Азамат Рахатұлы емен есіктің арғы жағындағы кабинеттен көтерілген шенді емес. Халық қалаулысы атанғанға дейін елдің ішінде төрт түлігін өрістетіп, іргелі шаруашылыққа жетекшілік етіп, аграрлық саланы бес саусақтай білетін білікті маман.

Азамат ӘБІЛДАЕВ, Мәжіліс депутаты:

АУЫЛ – ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРАШАҢЫРАҒЫ



Jas qazaq: Мәжіліс депутатының мандатын алғанға дейін аграрлық сала, соның ішінде мал шаруашылығын дөңгелеткен кәсіпкер болдыңыз. Мәжіліс мінберінен де осы ауыл шаруашылығы саласына қатысты қордалы мәселелерді көтеріп жүрсіз. Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының күре тамыры емес пе? Бұл саланы дамыту үшін ең әуелі ауылды қараусыз қалдырмау керек қой?

Азамат Әбілдаев: Сұрағына терендей жауап берейін. Алдағы уақытта Премьер-Министр Әлихан Смайыловқа депутаттық сауал әзірлеп отырмын. Ондағы негізгі көтеретін шаруам – ауыл адамы мен қала халқының арасындағы теңсіздікті жою, түп-тамырымен құртуға күш салу. Ол қандай теңсіздік?

Jas qazaq: Иә, соны айтыңыз.

Азамат Әбілдаев: Ең әуелі ауылдың адамы мен қала халқының арасында өзгешелік, артықшылық бар ма? Жок. Ауыл баласы мен қала баласының да екі қол, екі аяғы, бір аузы бар. Адаммен адам тең. Ал бірақ біздің билік басындағылар, құзырлы орындардың тізгінін ұстап отырған шенділер қаржы бөлетін кезде алапайды. Тура мағынасында айтып отырмын алапай, «ауылдағының аузы сасық» дегенге келтіреді. Өзін де қалада тұрасын, көріп жүрсін. Қаланың кейбір тактайдай теп-тегіс көшелерінің жабындысын қырып тастап, қайта төсейді.

(Жалғасы 4-бетте)





E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ТҮЙІН

Жаңаөзен тағы мазасыз. Бірнеше сервистік компания жұмысын тоқтатқан. Жұмыссыз жүргендер көп. Ресми дерек бойынша, олардың саны жеті мыңнан асады. Жұрттың алдына шығып сөйлеген Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев айтылған мәселенің барлығы оң шешімін табатынын айтты.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Әлбетте, бәрін бірдей мұнай-газ саласына жұмысқа тұрғызу мүмкін емес. «Сондықтан шағын және орта бизнес кәсіпорындарында жұмыс орындарын

алгоритм бойынша, Жаңаөзендегі жұмыссыз жүргендердің барлығын кезекпен жұмысқа тұрғызады.

Онлайн өткен баспасөз мәслихатында Н.Ноғаев: «Кезінде облыс әкімдігі, «ҚазМұнайГаз» және жергілікті мұнай-газ өңдеу компанияларымен бірлесіп, бос жұмыс орнына қабылдаудың алгоритмін әзірлеген еді. Ол өзінің тиімділігін көрсетті. Біз сол бағыттағы жұмысты жалғастырамыз. Кейде жұмысқа орналасу ашық түрде өтпейді немесе жауапты тұлғалар қызметін асыра сілтеп пайдаланып жатады. Сондықтан жұмысқа тұру алгоритмін қайта қарап, мәселені назарда ұстаймыз. Сөйтіп жұмысқа орналасуда ашықтықты қамтамасыз етпекпіз», — деді. Ең алдымен еңбекпен қамту орталығында ресми тіркелген азаматтар жұмыспен қамтылады.

жалақысы 30 пайызға артып отыр», — дейді ол. А.Айдарбаев өсетін жалақы көлемімен жұмысшылардың дені келіскенін айтты: «Дегенмен кейбір жұмысшылар жалақыны 40-50 пайызға көтеруді талап етіп отыр. Бізге 30 пайызға арттыру шешімі оңайға соққан жоқ. Биыл одан артық жалақы көтерілмейді, бұл соңғы шешім. Сондықтан жалақыны өсіруді талап етуші жандардан түсіністікпен қарауын сұраймын».

БҰРҒЫЛАУШЫНЫҢ АЙЛЫҒЫ 1 МИЛЛИОННАН АСАДЫ

Айта кетейік, Жаңаөзенде жалақыны көтеруді талап еткендердің бірі — отандық бұрғылау саласындағы ең ірі компания саналатын «Бұрғылау» ЖШС-да еңбек етіп



Нұрлан НОҒАЕВ:

МӘСЕЛЕ ШЕШІЛЕДІ. БІРАҚ ОЛ ҮШІН УАҚЫТ КЕРЕК

ашып, аймақтағы экономиканы әртараптандыру қажет. Ел-жұрттың тыныштығы үшін түсіністік танытуға шақырамын. Мәселе шешіледі. Бірақ бірден емес. Ол үшін уақыт керек». Осылай деген облыс әкімі компания жұмысшылары мен кәсіподақ ұйымдарын жұмыс берушімен диалогқа шақырды. Түйінді мәселені алаңда емес, келіссөз арқылы шешуге болады. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясымен бірлесіп, жағдайды өз бақылауында ұстауға уәде берді.

«ҚазМұнайГаз» компаниясының басшысы да осында. Маңғыстау облысында біраз жыл әкім болып жұмыс істеген Алик Айдарбаевқа бұл өңірдің «келір-бұдыры» жақсы таныс. Кезінде мұнайға ғана үміт артпай, өңірдегі экономиканы диверсификациялау керектігін ол да ескерткен болатын. Төртінші мұнай өңдеу зауытын салу туралы ұсыныс тастағаны да есімізде. Бірақ сол кездегі үкімет те, энергетика министрлігі де ол ұсынысқа құлық танытпады.

Сондай-ақ аймақта жұмысқа орналастыру жөніндегі арнайы комиссия да қарекет жасап жатыр. Нұрлан Ноғаевтың айтуынша, бұл мәселе оң ілгерілеу бар. Таяу арада «Өзенмұнайгаз» Жаңаөзендегі 150 адамды жұмыспен қамтып, тағы 150 тұрғынды қызмет көрсету мекемелеріне орналастыруды жоспарлап отыр. Шағын және орта бизнес кәсіпорындары қосымша 50 жұмыс орнын ашады. Алдағы уақытта әзірленген

ЖАЛАҚЫНЫ ӨСІРДІ

Осы аптада «Өзенмұнайгаз» жұмысшыларының еңбекақысын арттыру туралы шешім қабылданды. Онлайн өткен баспасөз мәслихатында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ басқарма төрағасы Алик Айдарбаев: «Биыл 14 ақпанда Жаңаөзендегі «Өзенмұнайгаз» АҚ бұрғылау басқармасының бір топ қызметкері жұмысын тоқтатты. Олардың талабы — жалақыны кемінде 40 пайызға өсіру. Жағдайды естіген соң, бірден Жаңаөзенге бардым. Сол күні «Өзенмұнайгаз» басшылығы және кәсіподақ мамандарымен келіссөз жүргізілді. Шұғыл жиында жұмысшылардың талаптары мен оны орындаудың ықтимал жолдарын талқылады. Жұмысшылармен кездесіп, олардың өтініш, ұсыныстарын тыңдадым», — деді. «Өзенмұнайгаз» жұмысшыларынан бөлек, оған қарасты мердігер компаниялардың қызметкерлері жалақыны көтеруін талап етіп, жұмысын тоқтатқан. «Мұнайшылармен келіссөздер күні бойы жүрді. Оның нәтижесінде жағдайды тұрақтандыру және кәсіпорынның жұмысын тоқтатпау туралы келісімге келіп, жұмысшылардың жалақысы көтерілетін болды. Биыл қантарда жалақы 10 пайызға артса, жаңа келісім бойынша тағы 20 пайызға өседі. Осылайша мұнай-газ жұмысшылардың

жүргендер. Бас көтеруге 400-ге жуық адам қатысып, он шақты талабын ортаға салды. Олар қойған басты талаптың бірі — ең төменгі жалақыны кем дегенде 1 миллион теңгеге көтеру. «Бұрғылау» компаниясының басшылығы оған өз жауабын берген болатын.


2021 жылдың қорытындысы бойынша, «Бұрғылау» ЖШС еңбеккерлерінің орташа жалақысы — 887 мың теңге. Инфляцияны ескеріп, жалақы деңгейін жыл сайын көтеріп отырады. Компания келтірген мәліметке сәйкес, 2008 — 2021 жылдар аралығында кәсіпорындағы орташа жалақы 158 мың теңгеден 887 мың теңгеге дейін өскен. Биылғы жылдың 1 қантарынан тағы 10 пайызға көтерілген. Мәселен, бесінші разрядты бұрғылаушының айлық мөлшерлемесі — 543 112 теңге. Бұрғылаушы көмекшісінің жалақысы — 451 463 теңге. Бұл тек таза жалақының өзі. Жұмыс режимін, қосалқы ақы, сыйақыны қосқанда, әлгі бұрғылаушының табысы 1 098 191 теңгеге, көмекшісінің табысы 912 874 теңгеге жетеді.

Ереуілге шыққандардың тағы бір талабы «Бұрғылау» ЖШС-ны «ҚазМұнайГаздың» құрамына енгізумен байланысты. Бірақ мемлекеттік және квазимемлекеттік кәсіпорындарды, соның ішінде мұнай-газ саласында, бәсекелі ортаға өткізуге бағыт алғанда бұл талап қисынға келмейді.

Талап ТІЛЕГЕН

Экспорт-2022

ШЕТЕЛГЕ САТЫЛАТЫН КӨКӨНІС



Дереккөзі: stat.gov.kz

Әлеумет.т⁰

ШЫНДЫҚ АЙТЫЛСЫН, КІНӘЛІ ЖАЗАЛАНСЫН!

Қазір әлеуметтік желілерде «ереуілде террористер де, содырлар да болған жоқ» деген, Президент сөзін жоққа шығару синдромы жүріп жатқанын байқаймыз. «Ланкестер де, содырлар да болған жоқ» деп соғып отырғандар бұл жауапсыз сөздерінің бейбіт ереуілшілерге жабылған жала екенін ойлануы тиіс. Содырлар жоқ болса, ланкестер жоқ болса, онда 19 полией мен сарбазды кім өлтірді, екі полиейдің басын кесіп алғандар кімдер? Өз жұмысымен кетіп бара жатқан жеткіншекті, жастарымызды кім өлтірді, бейбіт ереуілшілер ме? Әкімдік пен мемлекеттік органдарды өртеп, шабуыл жасағанда бақылау камераларын атып түсірген снайперлердің бейбіт шерушілерге де оқ жұмсағаны туралы ақпараттар жүр. Бұлардың бәрі анықталып, жазаға тартылуы тиіс.

Сол асүйінен шықпай-ақ, диванда жатып алып жазып жатқандар полицияда қызмет етіп жүрген немесе әскерде ел қорғап жүрген ұлдарын содырлар өлтіріп кеткен, боздағын жоқтап боздап отырған әке-шешеге барып, «ешқандай содырлар жоқ, ланкестер жоқ» деп айтып көрсінші, не болады, не естиді екен сонда?! Ланкестер мен содырлар деген бір жақтан арнайы іссапармен келетін, содыр не ланкес деген анықтама куәлігі бар қылмыскерлер ғана емес, осы елімізде, ішімізде жүргендер де адам өлтірсе, мемлекеттік ғимараттарды өртесе, олар да ланкестер мен содырлар. Кім болса да, ланкестік пен содырлық жасаса, солар содырлар мен ланкестер. Жазықсыз жандарды атып, арандатушылық жасаған күштердің шабуылынан қазіргі олардың интернеттегі іріткі салып, арандатулық шабуылдары да ешбір кем соғып жатқан жоқ. «Өтірікті қаншалықты көбірек қоссаң, соншалықты сенімді болады» деген ұстаным олардікі. Кейбір қарапайым жұрттың ешнәрсеге көзі жетпесе де, өзгенің жасына сеніп, қолдау жасаған әр лайқтары, әр айыптау сөздері арандатушы күштердің атқан оқтарына айналып жатқанын аңғармауда. Бұл туралы Президент те «мемлекеттік төңкеріс жасауға ұмтылғандар идеологиялық диверсияны жақсы меңгерген» деп атап айтты. Идеологиялық диверсия интернетте әлі жүріп жатыр. «Мемлекетке сатқындық жасады» дегендері де жалған, ланкестік пен содырлықтар да жалған, әйтпесе, олардың үстінен қозғалған қылмыстық істер қайда?» дегендерге кеше Президент қабылдаған Бас прокурор жауап берді. 15 іс мемлекетке опасыздық жасау, өкілеттіктерді асыра пайдалану және билікті басып алуға әрекет ету бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қарауында жатыр. 179 іс арнаулы прокурорлардың басшылығымен ведомстволық тергеу тобы жаппай тәртіпсіздіктер мен терроризм актілері бойынша тексеруде. 173 іс - құқық қорғау органдары қызметкерлерінің адам құқығын қорғау емес, қорлауы бойынша, яғни лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны туралы азаматтардың шағымдары бойынша жүргізілуде. Бас прокуратура мен құқық қорғау органдары қолдарында бар дәлелдерді, бейне-фото материалдарды түгел жариялауы тиіс. Ел барлық шындықты өз көзімен көруі керек. Әйтпесе, бұл ақпараттық кеңістікті түрлі күмәнді бейне-фотолар мен фейк-постылар толтыруда. Сондықтан да әлеуметтік желілер мен ақпараттық алаңда мемлекеттік органдар мен ресми ақпарат құралдарының емес, олардың сөзі өтімді болып тұр... Қазақстан Республикасы Терроризмге қарсы орталығының мәліметі бойынша, 2019 жылдың аяғында Қазақстанда 20 мыңнан астам деструктивті діни идеологияны ұстанушылар өмір сүргенін естен шығармайық.

Қантар қасіретінде Президенттің барлық жауапкершілікті өзі көтеруі мемлекетті сақтап қалды. Мұндай жағдай, мемлекеттік төңкеріс қазақ тарихында, берісі біз білетін кейінгі жүз жылдықта бірінші рет болып отыр. Кез келген мемлекеттік төңкеріс құрбандықсыз болмайды, 227 адамның қаза тапқаны орны толмас ауыр қайғы! Ал Президент бар жауапкершілікті өз мойнына алмағанда қазір соғыс әлі жүріп жатуы, құрбандар саны одан ондаған есе көбейіп кетуі де мүмкін еді. Тіпті мемлекеттігіміз сақталып қалуы да неғайбыл болар еді. Президент әрісі Мемлекетті, берісі елді азамат соғысынан сақтап қалды. Енді, ел боламыз десек, әлеуметтік желілер мен ютуб арналарында билікке тәуелсіз болып келген, тіпті биліктің тұрақты сынаушыларына айналған белгілі қоғам қайраткерлері де ашық жазып жатқандай, Мемлекетті сақтап қалуымыз үшін, Мемлекет басшысын қолдауымыз керек. Барлық шындық ашық айтылуы тиіс! Кінәлілер қатан жазалануы керек! Сонда ғана ел сенеді. Әйтпесе, мұндай бұлғақ жалғаса береді. Ел аман, жұрт тыныш болсын!

Қазыбек ИСА,
Мәжіліс депутаты

Аптаның сауалы

Ақылбек КҮРІШБАЕВ,
Сенат депутаты:



«Өткен 4 жылда агроөнеркәсіп кешенін дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға 2 млрд теңге бөлу жоспарланды. Іс жүзінде тек 1,6 млрд теңге ғана жұмсалған. Бізде ауыл шаруашылығы министрінің барлық негізгі нормативтік бұйрықтары міндетті түрде басқа мемлекеттік органдармен келісіледі. 2020-2021 жылдары субсидиялау қағидаларын, регламенттерді келісуге 20-30 күннен жеті айға дейін уақыт кетті. Бұл жерде саланы жедел басқару туралы қалай айтуға болады?».

Қорқынышты түстей Қаңтар оқиғасы өткенімен, ол жайындағы әңгіме әлі түгесілмеді. Қанша адам болса, сонша пікір бар. Ол – заңдылық. Алайда өш дәйексіз өтірікті шындай соққандардың қисынсыз сөздерінен ел арасында алып-қашпа әңгімелердің көбейгені де жасырын емес. Әсіресе, «жазықсыз адамдарды азаптады» деп полицейлерге шүйліккендер жетерлік. Таяқтың екі ұшы бар. Құлақ асатын мемлекет қағидатын ұстанған билік сол

күннен-күнге көбейіп жатыр. Бұл комиссия қоғамның тарапынан құрылған комиссия. Еріктілік, бастамашылдық деп айтуға болады. Менінше, комиссияның көптігі артықтық етпейді. Екеу емес, 10 болсын, 20 болсын, тіпті әр аймақтан құрылсын, артық етпейді. Егер мәселені егжей-тегжейлі талдайтын болсақ, ең бірінші мәселе мынада. Ең алдымен, куәгер болсын, күдікті болсын, ұсталғаннан кейін тергеу ісі ашылады. Іс ашылғаннан кейін тергеуші айыпталушыға міндетті түрде мемлекеттік қорғаушы қоюға міндетті.

А.Қазанғап: Сөзіңіз аузыңызда, жана сіз ресми дерек бойынша 148 полицейдің үстінен өкілеттігін асыра пайдаланды деген шағым түскен дедіңіз. Әрине, «жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды» деген сөз бар. Ал

жүрді. Ол мародер ма, мародер емес пе, қайдан біледі. Мен бір ағамыздан «нөміріңізді неге шешіп тастағансыз» деп сұрадым. Сонда ол: «жол ережесін бұзсам, камераға түспей қалсын деген оймен нөмірді шештім» дейді. «Енді дәл осы күнге дейін айыппұл алмасаныз, неге бүгін нөміріңізді шешіп тастағансыз деймін» сұрақты қайта қаратып. Осыдан барып халықтың құқықтық сауатының деңгейі төмен екеніне көз жеткіздім.

А.Қазанғап: Кез келген демократиялық елде заң үстемдігі жоғары тұрады. Осы орайда тәртіпке бағыну, заңды орындау жағынан кемшін қалып жатқан жоқпыз ба?

М.Жақау: Өкінішке қарай, біз құқықтық сауаттылық жағынан, діни сауаттылық жағынан, қаржылық сауаттылық жағынан болсын, тіпті азаматтық, спорт,

экологиялық сауаттылық жағынан шынында да кемшін қалып жатырмыз. Бұл ретте мемлекет тарапынан, қоғамдық саяси ұйымдар тарапынан жасайтын іс-қимыл өте көп. Әсіресе, оқытушылардың, журналистердің жауапкершілігі керек. Бұл жерде барлығымыз жауаптымыз. Ең алдымен баламызды дұрыстап тәрбиелеп алайық. Содан кейін қоғамды дұрыстап тәрбиелейік. Мәселе осында. Сауатымыз төмен болғандықтан, біз қазір көптеген түйткілдерге тап болып отырмыз.

А.Қазанғап: Қазір қит етсе, петиция ұйымдастырып, әлеуметтік жағдайын жақсартуды, айлығын көтеруі, тіпті несиесін кешіруді талап ету әдетке айналып бара жатыр. Нарықтың қатал заңдық тұрғысынан алып қарайтын болсақ, ол талаптардың барлығын орындау ақыла сыймайды. Осы орайда сіздің пікіріңіз қандай?

М.Жақау: Петиция зайырлы мемлекеттерде қалыпты жағдай. Бірақ петициямен мәселе шешілмейді. Оның мәдениетті шешу жолы бар. Кез келген мәселені әлеуметтік желіге салып, петиция жариялау дұрыс емес. Жұмыс істеп жатқан адамның сыртынан ғайбаттап, оның жұмысына кедергі келтіруге болмайды. Петицияға да үйір болудың қажеті шамалы.

А.Қазанғап: Ал Президент айтқан «Жаңа Қазақстан» қандай болу керек деп ойлайсыз?

М.Жақау: «Жаңа Қазақстан» меніңше, барынша саяси реформаланған деңгейге көтерілуі керек. Сайланбалы әкімдердің келуі, БАҚ-тың сөз бостандығы, министрлер мен депутаттардың сайлануы кәсіби деңгейде болуы керек. Сондықтан әрбір құзыретті қызметтерде кәсіби азамат жүруі керек. Қазір әрбір маман өзінің орнында, әкім болсын, министр, депутат болсын, тіпті оқытушы болсын, өз маман иесі болуы керек. Сол кезде барып жұмыс уақытылы, сапалы, нәтижелі болады.

қызметкерлері тарапынан қойылған диагноз — пустулез бен дерматит. Емханадағылар «жұқпалы емес, тек емі жоқ ауру» депті. Медициналық құжатта тері ауруының асқынған түрі деп көрсетіліпті. Ерлі-зайыптының бар арманы өз баспаналарына қол жеткізу. Одан кейін белгісіз ауруды жөніп, әкелерінің қалыпты жұмысқа орналасуы.

«Жұмыс істегім-ақ келеді, бірақ қазір суыққа шықсам асқынып, одан сайын ауыра түседі», — дейді Әлнұр.

«Jas qazaq арқылы көпшіліктен көмек сұраймын. Егер ауруым болмаса отбасымды асырап, жәудіретіп тар бөлмеде отырғызып қоймас едім. Әйелімді жұмысқа жегіп қойып,

өзімнің үйде отырғаным жанымға батады. Осы күнге дейін бірде-бір әкімдіктің алдына барып, алақан жайған емеспіз. Қазір қымбатшылық. Үш баланы киіндіріп, оларды мектепке дайындаудың өзі оңай емес. Келіншегімнің бір жағына шығысқым келеді. Арманым — қолым мен аяғымды емдеп, қалыпты өмірге оралу. Отбасының тірегі ретінде бүкіл жауапкершілікті Тұрғанкүлдің мойнына арта салғым келмейді. Жұмыс істеп, отбасыма пайда әкелудің орнына, төрт қабырғаға камалып отырғаным жанымға батады. Туысымнан да көмек алуға намыстанамын. Әркімнің өз отбасы бар. Сондықтан қазақ жұртынан көмек сұраймын», — дейді.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

QOĞAM



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Ауыл әкіміне ҮШ СҰРАҚ

Өткен жылы ауыл тұрғындары тікелей сайлаған әкімдер өз жұмысын қалай атқарып жатыр? Әкім болғандар халыққа жақын ба?

Бұл жолы ауыл тұрғындарын мазалаған сұрақтарға Алматы облысы Кеген ауданы Ұзынбұлақ ауылының әкімі Олжас Тақабаев жауап берді.



Марат МАМЫТҚҰЛОВ, зейнеткер:



Ұзынбұлақ ауылындағы ең ұзын көшенің бірі — Б.Жақсылықұлы көшесі. 6 отбасының үйі осы көшеде орналасқан. Бірақ арадағы үйлер бұзылып, ауылдан бөлініп қалған. Сол себепті біздің жақта не жарық, не жол жоқ. Мұнда зейнет жасындағы қариялар мен мектепте оқитын балалар тұрады. Немерелеріміз үшін алаңдаймыз. Сабақтан кеш қайтқанда алдынан күтін алуға мәжбүрміз. Қыста қар қалың түсіп, көлік те жүре алмайды. Бізді толғандырған мәселе әкімнің күн тәртібінде бар ма екен?

ӘКІМНІҢ ЖАУАБЫ:

Б.Жақсылықұлы көшесіндегі 6 үйге дейін асфальт пен жарық түсіру мәселесі бұрыннан менің ойымда жүр. Ол жақта қазыналы қарттарымыздың тұратынын білемін. Жол салу бойынша жобалық-сметалық құжаттары дайын. Жыл енді басталды. Алдағы уақытта бюджеттен қаржының бөлінуін күтіп отырмыз. Қаржы бөліне салысымен, сіздің үйіңізге дейін асфальт төсеу жұмысын бастаймыз. Жол мәселесі шешілгеннен кейін барып, біз жарық тартуға өтініш береміз. Өйткені заң бойынша ең алдымен жол салынуы керек. Одан кейін барып, жарық жүргізуге болады.

Күмісбала ЖУСАНБЕКОВА, зейнеткер:



Мен осы ауылда 40 жылдан бері тұрып келемін. Кезінде тау бөктерінде тоспа болатын. Ауыл жұрты судан таршылық көрген емес. Жыл сайын көкөніс пен жеміс-жидегімізді егуші едік. Соңғы он жылда тоспаны су алып кеткелі қайта жөндеу көрмеді. Ауылымызда «Ұзынбұлақ» аталуы да бекер емес. Шарын өзеніне дейін жететін мөл-мөлір тау суы бар. Ол да жылдан-жылға тарылып бара жатыр. Су жоқ болғандықтан, жыл сайын егетін көкөнісімізді өсіре алмай отырмыз. Бұрынғы әкімдер тоспаны «әне жасаймыз, міне, жасаймыз» деп аяқсыз қалдырды. Биыл тоспа жасала ма? Ауыл халқы су зардабынан қашан құтылар екен?

ӘКІМНІҢ ЖАУАБЫ:

Ауылдағы су мәселесі біртіндеп шешіліп келеді. Бізде жер асты суы мен таудан келетін су бар. Жер асты суы жана желіге ауыстырылғаннан кейін көп отбасы суды үйіне дейін кіргізіп алды. Енді таудан келетін суды тоспа жасап, ауыл шаруашылығына пайдалану жоспарда бар. Бірақ заң бойынша ауылда тоспа жасау үшін суармалы жер мың гектардан асуы керек екен. Ал біздің ауылдағы суармалы жердің үлесі 200 гектардан ғана асады. Осыдан екі жыл бұрын біз тоспаның жобасын сызып, қаржының бөлінуін күткен едік. Енді ол жобаның мерзімі өтіп кетті. Сондықтан алдағы уақытта осы мәселені қайта көтеріп, тоспаны қалпына келтіру жұмысын тиісті органдарға қайта ұсынып көреміз.

Берік БАЙБАЛАЕВ, мұғалім:



Біздің ауылға жастар тұрақтамайды. Мамандығы бар жастардың өзі жұмыссыз. Жастарды жұмысқа тарту мақсатында шаштараз, сән салоны, наубайхана, тіпті техника жөндеуінің орталық ашсақ. Осы жұмыстарды үйінде тындырып отырған жастар бар. Оларға жұмыс орнын ашып беріп, ауыл тіршілігіне араласуға неге мүмкіндік бермеске? Мәселен, шаштараз үшін 50 шақырым қашықтықтағы аудан орталығына барамыз. Ауыл жастарының жағдайын жақсартуға қандай шаралар қолға алынбақ?

ӘКІМНІҢ ЖАУАБЫ:

Біздің ауылдан «Бастау» бағдарламасы бойынша өз жобасын қорғап мемлекеттен қаржылай грант алған 4 жас бар. Алдағы уақытта олардың қатарын көбейтіп, заманауи бизнес жоба бойынша оқытуға жұмылдырып жатырмыз. Шынында да, шаштараз, техника жөндеу сынды жұмыстарды үйінде атқарып отырған жастар бар. Бірақ оларға жұмыс орнын ашып, сол жерге отырғызып қою тиімсіз. Өйткені ауылда халық саны аз, сондықтан сұраныс та аз. Қазір мен ауыл жастарына ауыл шаруашылығынан бөлек, тиімді бизнес жобаларға баруын түсіндірудемін. Сонымен қатар ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалану бойынша да біраз жұмыстар атқарылды. Мысалы, ауыл жастарынан арнайы чат құрылып, әр жылы мектеп бітірген түлектер арасында спорттық жарыстар ұйымдастырылуда. Ауылдан түлеп ұшқан жастардың 20 жылдық кездесуі аясында өз туған ауылына игі іс жасау да дәстүрге айналды.

Дайындаған Макпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

P.S.

Өз әкіміңізге сауал жолдағыңыз келсе, газет редакциясына хабарласыңыз.

☎ Телефон: 8 (727) 272-43-39; 8 (727) 272-43-25

☎ WhatsApp: 8 747-887-13-44

✉ E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

Мақсат ЖАҚАУ: ПЕТИЦИЯМЕН МӘСЕЛЕ ШЕШІЛМЕЙДІ



тектес айыптауларды негізге ала отырып, тергеудің өділ өтуді қадағалауға алды. Адам құқығын қорғаймыз деген адвокаттар мен белсенділерден құралған екі комиссия құрылды. Қаңтардағы төртіпсіздік кезінде ұсталғандарға қатысты заң талабын орындау, адам құқығын қорғау қалай жүзеге асырылып жатыр? Жаңа Қазақстан қандай болуы керек? Журналист, КТК тілшісі Асқарбек Қазанғап қойған сауалдарға SARAP клубының алғашқы қонағы, саясаттанушы Мақсат Жақау жауап берді.

А.Қазанғап: Тергеу изоляторында азапталдық деп шағымданғандарға арнайы құрылған комиссияның ол жаққа барғаны бәрімізге белгілі. Қазіргі уақытта олардың жұмысына қандай баға бересіз?

М.Жақау: Кантар оқиғасынан бері қылмыстық іске тартылғандардың саны 2700 адамнан асты. Өз қызметін асыра пайдаланды, зорлық-зомбылық көрсетті деп құқық қорғаушылардың атына шағымданғандардың арызы 148-ге жуықтады. Ал мәлімет

енді «жазықсызбын», «таяқ жедім», «азапталдым» дегендердің бәрі кінәсіз деп ойлайсыз ба?

М.Жақау: Мен өзім сенбеймін. Сол кездері өздеріңіз күзсіздер. Теледидардан, радиодан әр сағат сайын «Құрметті алматылықтар, қауіпсіздік шараларын сақтаныңдар, балаларыңызға ие болыңыздар, үйден шықпай отырыңыздар, терезеге жақындаманыңдар» дегенді қайта-қайта ескертті. Пандемия кезіндегі сияқты сақтық шараларын ұстаныныңдар дегендей ескертулер жүргізді. Бәріміз Президенттің айтқанын естідік. Үкіметтің ауысатынын, қымбатшылықтың тежелетінін, барлығына мораторий жарияланғанын естідік. Жоғарыдағылар экономикалық реформалар жасақтауға бел буды. Халықтың көптен бері айтып жүрген сыни ескертпелерін ескерді. Енді осыларды естігеннен кейін тоқтауға болады ғой. Қоғам тоқтаған жоқ. Кейін тоқтағанымен, кейбір топтар тоқтаған жоқ. Ескертуге қарамастан, көшеге шықты. Әрине, осыдан кейін барып, халықтың арасына бүлікшілер кіріп кетті. Оның қайсысы бүлікші, қайсысы қарапайым тұрғын екенін біліп болмайтын жағдай қалыптасты. Бірақ «тыныштық сақтандар, шықпандар» деген ескертулер болды ғой. Ескертуді ести тұра, көшеде нөмірін алып тастап қаншама мәшине

бойынша аламын. Қазір тұрып жатқан мекенжайымыз бойынша уақытша тіркеуге тұрдық. ХҚКО-ға барып атаулы әлеуметтік көмек бойынша тиісті құжаттарды өткіздім. Оны алу үшін біз бір мекенжайда 6 айға жуық тұрақты тіркеуде болуымыз керек екен. Енді тағы үш айдан астам уақыт күтуіміз керек. Үйдегі екі оқушыны қаладағы мектеп-



интернатқа бергенбіз. Мекенжайын айтпай-ақ қояйық. Ол жақтан балаларымыз ауырып, шидей боп оралды. Сөйтсек, оларға мандытып тамақ та бермейді екен. Бір айдың ішінде ашқұрсақ күйге түскен балаларымызды қолымызға алдық. Мектеп оқушылары осы аптадан бастап дәстүрлі форматқа ауысты. Олардың мектепті сағынғаны соншалық, ерте тұрып сабаққа кетті.

Әлнұрға медицина

(Басы 1-бетте)

Осы кезде әңгімеге Әлнұрдың жары Тұрғанкүл араласты. Ол осы қуықтай бір бөлмелі пәтерге 25 000 тенге, ал жарығы мен суына 4000 тенге төлейтінін айтты. Алатын жалақысы — 45000 тенге.

ӨТТЕҢ, ТОННЫҢ КЕЛТЕСІ-АЙ!

— Осы қаражатты да қанағат тұтуға мәжбүрмін. Арасында туыстарымыз азын-аулақ көмегін жіберіп тұрады, — дейді тұрмыс тауқыметін тартқан келіншек. — Өзім коләнермен де айналысамын. Әзірге өнерге көңіл бөле алмай жүрмін. Өйткені отбасымның жағдайы бірінші орында. Әлнұр жұмыссыз қалғалы бері жауапкершіліктің басым бөлігі менің мойнымда. Үлкен қызым Тандана 2005 жылғы, екіншісі ұл, есімі — Береке 2011 жылғы. Кенжетайымның есімі — Ерке, жасы үште. Үйге жақын базарда сөмке сататын бутиктің тазалығына жауап беремін. Барлығы заңды түрде толтырылған, жалақымды ай сайын келісімшарт

✦ МАМАН ПІКІРІ

Айдана КӨКЕНОВА, Алматы облысы Жамбыл ауданы Жаңақұрылыс дөрігерлік амбулаториясының меңгерушісі:

«Әлнұр Мұхаметханға қойылған пустулез бен дерматит диагнозы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бекіткен аурулар тізімінде жоқ. Бұл аса қатерлі тері ауруына жатқызылғанымен, емделеді. Сондықтан науқас тұрғылықты мекенжайы бойынша өзі тіркелген емханаға барып, ең алдымен, терапевт дәрігерден кеңес алуы керек. Одан кейін дерматолог дәрігерге жіберіледі. Тиісті ем-дом қабылдаса, жазылып кетуге мүмкіндік бар».





E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

(Басы 1-бетте)

Ал кейбір ауылдар бар бізде, 30 жылдың ішінде көшесіне асфальт төселмеген! Жер қарада шаны бұрқырап, қыс мезгілінде қары тазаланбай әуресін, азабын ел тартады.

Ауыл деген — қазақтың түп-тамыры, қарашанырағы. Жұтаған, тозған, елдің көбі көшіп, азы ғана қалған ауылдарда кімдер отыр? Қарашанырағын шайқалтпайын, отын өшірмейін, қорымда қалған



экспорт көлемін ұлғайту арқылы біз экономикалық әлеуетімізді көтереміз. Сол арқылы әлеуметтік, тұрмыстық мәселемізді де шешеміз.

Экспортты қоя тұрып, ауылдағы мал өсіруші ағайынның басындағы кепті айтайын. Өзіміз де фермер болдық, егін егіп, малымызға қысқы азығын дайындау кезінде жанар-жағармайды сатып алып жүрміз. Осыдан 4-5 жыл бұрын жанармайдың бір литрі 80-90 теңге аралығында болса, қазір 240 теңге. Бағасы бұдан да аспандап кетіп еді, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев төмендетуге тапсырма берді. Соның өзінде үш есе қымбат. Енді қараныз, осыдан төрт-бес жыл бұрын малың бағасы қандай еді, қазір қанша? Мәселен, жайылымда жүрген 1,5 жасар тана, тайыншаны ертеректе 120-150 мың теңгенің төңірегінде алатын еді. Бұл күнде 240 мыңға сатылса жақсы. Оның үстіне биыл көп жерлерде құрғақшылық жайылымды да, шабындықты да қуыра күйдіріп жіберді. Қазір арық-тұрақ малын шаруалар арзан бағамен сатуға мәжбүр. Мал дегеніңіз жерге дәнін қадап, бір-екі айдан кейін өнім беретін көкөніс емес. Сиыр малын алыңыз. Қашқан сиыр тоғыз айдан кейін туады. Оның бұзауын кемінде бір жылдан кейін борлағанда ғана сатсан, пұл болады. Екі айда өнім беретін қиярды сатудан көп пайда келе ме, жоқ, екі жыл төлін баққан соң ғана ырыздығыңды көретін

Азамат ӘБІЛДАЕВ, Мәжіліс депутаты:

АУЫЛ – ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРАШАҢЫРАҒЫ

әке-шешесінің басына барып, құран оқып тұрайын деген ниеттегі адамдар көпшілігі. Ал солар неге асфальт жолмен жүрмеуі керек? Неге қалалықтар, басқа да қаланың маңайындағы ауылдардың тұрғындары көрген өркениетті көрмеуі, қызғына кенелмеуі керек?

Қаланың баласы үшін білім алу жолында озық технологияны пайдалану, тіл үйренуге қосымша курстарға бару, басқа да инновациялық мүмкіндіктер мол. Ал ауыл баласында қандай? Дәл солай игілікке көміліп отыр ма? Мен ауылдың білімі төмен деп айтпаймын, небір таланттар да шығып жатыр. Бірақ әлгіндей мүмкіндікті қаланың баласы секілді ауылдағылар да пайдалану керек. Ауылдан қалаға келген жастардың оқуға түсе алмағаны не істейді, денсаулығы жараса, сынақтан өтсе, әскери борышын өтеуге кетеді. Қала берді, құрылысқа, саудаға, басым көпшілігі такси жүргізу мен күзетке жұмысқа тұрады.

Менің туған жерім — Алматы облысына қарасты Жамбыл ауданындағы Қаракастек деген ауыл. 160-тай ғана түтін бар. Бұрындары біз осы шағын ғана ауылдан 16 ғылым докторы, 57 ғылым кандидаты шықты деп мақтанатын едік. Қазір біздің ауылдан 50 спортшы, оққағар бала шықты. Кәсіби спортпен шұғылданушылар да көп.

Жас qazaq: Ауылыңызды айтып қалдыңыз, сіз Парламент Мәжілісінің бесінші шақырылымына да депутат болдыңыз. Одан кейін қайтадан аграрлық саланы өрістетуге үшін ауылға бардыңыз.

Азамат Әбілдаев: Қазығым ауылға қағулы менің. Қолымыз қалт етсе, сол жаққа тартып отырамыз. Кіндігіміз кесіліп, бауырымызды көтеріп, шыбықты ат қып мініп, одан кейін бозбала шағымыз, жастық кезеңіміздің бәрі ауылда өтті. Қалай бүйрегін бұрып, көңілің тартып тұрмайды. Кейін қалаға көшіп келдік, өзін айтқандай, бесінші шақырылымға депутат болдым. Қайтадан ауылға көштім. Мал шаруашылығын дамыту үшін кенесіе емес, қораның басындағы баспанада өмір сүрдік. Төрт түлігіміз көз алдымызда болсын деп. Ауылда болған кезде жастармен көп әңгіме-дүкен құрып, ойларын тыңдайтын едім. Жастардың қолынан келетін іс тек күзет қызметі мен такси айдау ғана емес.

Оларды ауылға тартудың бір тетігі — ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығын өрістетудің ұлттық жоспарын жасауда жатыр.

Жас qazaq: Ұлттық жоспар қалай жазылуы керек, онда не қамтылуы тиіс?

Азамат Әбілдаев: Ауыл шаруашылығы — үлкен сала. Оның ішінде егіншілік, жеміс-жидек, көкөніс, төрт түлікті түлету, тағы басқа да саласы толып жатыр. Біз осының ішінде негізгі басымдықты мал шаруашылығына аударып, ет өнімдерін сыртқа экспорттауды ұлттық жоспардың негізінде жүзеге асыруымыз керек. Егіншілікті жаппай өрістетуге аламыз ба? Әрине, жоқ. Біздің жердің тек солтүстік пен шығыс, оңтүстік-шығыс облыстарда ғана арпа, бидай егуге қолайлы. Еккен егін түгілі табиғи шөптің өзі құрғақшылықтан шықпай қалған Маңғыстау, Атырау облыстарына қалай бидай себесіз. Бізге ең қолайлысы — төрт түлі мал. Жердің жайына, жайылымының отына қарай мал шаруашылығын дамытып,

төрт түлікті өрістетуге оңтайлы ма? Жанар-жағармай бағасы шарықтаған соң, сөзсіз, жем-шөп, арпа-бидайдың да құны өседі.

Біз көкөністі экспорттауда Өзбекстан, Қытай, Түркия секілді елдермен шендесе алмаймыз, оны мойындау керек. Бидаймен ше? Рас, солтүстік облыстарымызда арпа-бидай емініп өседі, түсімі де жақсы. Бірақ дамыған елдер, технологиясы әлдеқашан нығайған, аграрлық салаға қатысты ғылым-білімі зау биікке көтерілген мемлекеттер әр центнерден алатын өнімі бойынша бізден әлденеше есе көп. Енді бізге қайтпек керек? Тағы да қайталап айтамын, мал өсіріп, табиғи таза өтімізді экспорттау арқылы жоқтың орнын толтырамыз. Тағы бір ұсынысым, біз 1 миллион тонна арпа-бидайды экспорттап сатқаннан гөрі, сол астық өнімдерін малға беріп семіртіп етін



сатсақ, әлдеқайда тиімді. Төрт түліктің етін Қытайға қанша миллиондап сатсаң да, сұранысын өтей алмаймыз, өте үлкен нарық тұр. Ресей де біздің малдың етін сатып алуға бейіл. Кой етін Түркия, Иран, Пәкістанға, Ауғанстанға, Үндістанға да жіберуге мүмкіндік бар. Өйткені сұраныс жоғары.

Басқа елдерді былай қойып, Қытайдың өзін қамтуға тырыссақ, бізге жеткілікті. Етті экспорттау үшін ең алдымен жоғарыда айтқан ұлттық жоспар түзілуі керек. Бәрі де сол бір жоспардың жүйесінде жұмыс істеуі қажет. Әр министр ауысқан сайын түрлі реформа, бағдарлама жасалып, орта жолда қала беретін жүйе көсегемізді көгертпейді.

Жас qazaq: Субсидия, жеңілдетілген несиелік бағдарламаларды алудың қиындығы өз алдына бір тауқымет. Осы бағытты жеңілдетіп, оңтайландыруға болмаса па?

Азамат Әбілдаев: Өті жарылып кетсе де айтайын, біздің ауыл шаруашылық өріс, аграрлық сала дейміз, осы ведомствода жүйесіз жазылған бағдарлама өте көп. Оны арнайы білімі бар, кәсіби біліктілігі жоғары, тәжірибесі мол, халықтың ортасынан шыққан жандар жазбайды. Соның кесірін айналып келгенде халық тартады. Жүйесіздік емей мемене? Қазір енді қараныз, Мемлекет басшысы қатаң шара қолданып, тексеру керек делі, жемқорлар шетінен құрыққа ілініп жатыр.

Біз Еуразия экономикалық одақ құрдық. Осы одаққа мүше Ресейдің ауыл шаруашылығына берілетін субсидиясының мөлшері бізден төрт есе көп. Одақтасмыз Беларусь елінде де осындай, алты-жеті есе жоғары. Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшеміз, ДСҰ-ның субсидиясы бізден әлденеше есе жоғары. Осындай тенсіздіктің арасалмағы жоғары болған соң қалай бәсекелестікке төтеп береміз?

Қазір малшы табу, механизатор секілді мамандарды тарту өте қиын мәселе. Әлеуметтік желілерде айлық жалақысы жоғары төленетін малшы іздеген фермердің сауын айтуынан көз сүрінеді. Малшы тапқан күннің өзінде жалақысын көтеру қиын. Өйткені жем-шөп те, жанар-жағармай да, басқа да қажеттіліктер қымбаттап барады. Осындай шаш-етектен батқан шығынды жабу да үлкен күш. Қымбатшылыққа төтеп беру үшін жанталасқан шаруаларға табиғаттың тосын мінез танытып, құрғақшылықтан шөптің шықпауы да жеңіл тиіп жатқан жоқ.

Ауыл шаруашылығын бір ізділікпен өркендету жолында жүйесіздікпен күрескенше, даму көшіне ілесіп, ілгерілеуді ойлау бізге мың есе тиімді. Етті экспортқа шығарсақ, қымбат бағамен сатылады. Нәтижесінде мал соңындағы фермердің де қызыл асығынан қар, су кешіп, жел, боран, дауылға ұрына жүріп баққан малының өтеуі жоғары болады. Ал енді малынды тірідей сатсан да, сойып етке өткізсең де, арзанға сатылуынан ең алдымен фермер жапа шегеді. Елдің әл-ауқатын көтеріп, тұрмысын жақсартып, әлеуметтік мәселесін шешу біздің қоғамда ең өзекті. Осы маңызды шаруаны шешу үшін әрбір шаруаның қолындағы малы экспортқа қымбат бағамен сатылса, жағдайы жақсармай ма?

Уинстон Черчилль Англияның премьер-министрі қызметін атқарғанда «бір кесе сүт» деген бағдарламасы арқылы халқының еңсесін тіктегенін білесіз. Черчилль әрбір ағылшын күніне кемінде бір стакан сүт ішуі керек деген бағдарламасын түзді. Ішетін ауыз дайын, сүт табу керек. Ол үшін сиыр өсіру маңызды, бақташы, мал дәрігері қажет. Жайылым жерді өңдеп күтетін агроном, жем-шөп орып әзірлейтін ауыл шаруашылығы техникасы, оларды тасымалдауға логистика болуы шарт. Сиыр өсіру үшін шұрайлы жерлерге ауылдар салды, ел қонып жұрт жиылған соң балабақша, мектеп, аурухана, басқа да әлеуметтік нысан соқтырды. Уинстонның ғұламалығы, көрген басшы екені осы бір стакан сүт бағдарламасынан-ақ байқалды. Соғыстан кейінгі тұралаған Англия алты жылдың ішінде бойын тіктеп,

экономикалық әлеуетін нығайтып алды. Черчилль де тиын санай алатын еді. Егер ол сүт ішіндер деп халқын үгіттеп, өнімді сырттан экспорттайтын болса, мұншама өркениетті ағылшындар көрмес еді. Жұмыссыздық белен алып, ел толқитыны бесенеден белгілі. Міне, ауыл шаруашылығы арқылы да экономиканы көтерудің керемет үлгісі!

Жеріміз кендігі бойынша әлемде тоғызыншы орында болса, жайылымдық жеріміздің көлемі жөнінен де әлемде алдыңғы орындамыз. Бірақ көп жер бос, игерусіз жатыр. Қалаға ағылған жастардың көпшілігі құрылыста, оны ауырысыңғаны такси айдап, қарауыл болуды, 50-60 мың теңге тапқанын қанағат етіп жүр. Біз ауыл шаруашылығын дамытудың ұлттық жоспарын түзіп, етті қымбат бағамен экспорттауды жолға қоюымыз қажет. Ауылда мал баққан ағайынның ойында етті қайда өткіземін деген уайым емес, керісінше, қорадағы малымың құны қажетімді молынан өтейді деген зор сенім тұруы тиіс. Жастарды мал бағуға, ауылға тарту үшін мемлекет тарапынан үлкен қамқорлық, өте төмен пайызбен қаржылай қолдау несиесі, шағын гранттар беріліп, субсидиялау да сапалы болуы шарт. Сонда ғана олар қойшының тағын қолына алады.

Жас qazaq: Әңгіменізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Қуаныш
НҰРДАНБЕКҰЛЫ

(Басы 1-бетте)



МӘШИНЕ АРЗАНДАЙ МА?

Әр мәшинеден кемі 300-700 мың теңге көлемінде пайда табады екен. Сондықтан мемлекеттік қызметтегі мардымсыз жалақыға малданып отыра бермей, біржола осы салаға бет бұрдым, — дейді.

Абзал Атқышбаев: «Бұрынғы жұмысымда бес жыл істедім. Осы аралықта не айлығым, не қызметім өспеді. Сондықтан қосымша табыс болсын деп көлік алып-сатуды бастадым. Күні-түні сайтты аңдып отырып, арзандау деген көліктер шықса, бірден сатып аламын. Ұрылған-соғылған жерін жасатып, жуып-шайып, қайта сатылымға шығарамын. Үстінен 200-300 мың теңге пайда көруге болады. Бірақ жана жылдан бері бұл кәсібім тұралап қалды. Шығынға баттым десем де болады. Өйткені жыл соңында Шымкенттен аукцион арқылы бір мекеменің пайдаланудан шығып қалған 8 көлігін арзанға сатып алғанмын. Үшеуін сатып үлгердім. Қалған бесеуі өтпей тұр. Бағасын да біраз түсірдім. Бірақ бұрынғыдай емес, көлік аламын деушілердің қатары азайған».



Расымен де, қазір екі адамның басы қосылса, утиль алымды айтып күнкілдеседі. Өйткені көлік бағасы соңғы бес жылда екі есе қымбаттады. Бұрын 2,5-3 миллион теңге тұратын ескі «камрилер» 5-6 миллион теңгеге бір-ақ шықты. Елімізге сырттан көлік кірмейтін болғандықтан, бағаның ырыққа көнбей кеткені рас. Осыған дейін «көлік міну мақтаныш емес, ол тек қатынас құралы» деген тәмсіл айтылатын. Бірақ соңғы жылдары көлік қол жетпес арманға айналды. 2016 жылы «Оператор РОП» серіктестігі құрылып, сырттан кіретін жүк көліктері, ауыл шаруашылығы техникалары мен жеңіл көліктерге утиль алым жинай бастады. Бұл бастаманың негізгі мақсаты — экологияны жақсартып, отандық автопаркті жаңарту болатын. Бірақ реформа оң нәтиже бермеді. Керісінше, утилизациялық алым енгізілген алғашқы екі жылда жана көліктердің саны 416 мыңға азайған. Ал отандық автопарк 72 пайызға ескіріпті. Бір сөзбен айтқанда, көшелер көк түтіні будақтап, салдыр-салағы шыққан ескі көліктерге толып кетті.

2016 жылға дейін елімізге Америка, Оңтүстік Корея және Дубайдан аз жүрілген көліктер әкелінетін. Қазір шетелден темір тұлпар тасу тиімсіз. Өйткені утиль алымның ең төмен көрсеткіші жеңіл көліктер үшін 1 млн теңгеден басталып, 3,5 млн теңгеге дейін жетеді. Соған қарамастан, шетелден көлік жеткізушілер әлі де болса бар.

Мәселен, 2020 жылы шығарылған «Тойота камри» Грузияда біздің ақшамен 6 млн теңге тұрады. Оны Қазақстанға жеткізу құны — шамамен 500 мың теңге. Келеннен өткізу, алғашқы тіркеу, утилизациялық алымын төлегенде бағасы 10 млн теңгеге жуықтайды. Альпсатар оның үстіне өз пайдасын қосып, 14-15 млн теңгеден саудалауға. Егер утиль алымы арзандап, көлікті алғаш тіркеу құны азайса, бағаның бірден түсетіні айдан анық. Өйткені ішкі нарықтағы ескірген көліктерге сұраныс азаяды. Ал көлік салондарынан қымбатқа ешкім ұрынғысы келмейді. Сондықтан арзан әрі сапалы көлік алғысы келетіндер сырттан темір тұлпар тасымалдайды. Онда 2006-2016 жылдардағыдай елімізге аз жүрілген көліктер көптеп кіретін еді. Осы орайда ірі көлік құрастырушылардың ығына жығылған кейбір сарапшылар «утиль алымы арзандаса, автопарк ескі-құсқы көліктерге толып кетеді» деген жансақ пікір айтуда. Бұл бос сөз. Өйткені елімізге теріс тізінді (*оң жақ рульді көліктер*) және шығарылғанына жеті жылдан асқан көліктердің кіргізілуіне заңмен тыйым салынған.

Диас НҰРАҚЫН

P.S.

Қазір қоғам белсенділері, сарапшы мамандар мен министрлік өкілдерінен арнайы комиссия құрылып, утилизациялық алым мәселесі қызу талқыланып жатыр. Бүгінге дейін кабель өнімдеріне утиль алым жинау ережесі толық жойылды. Енді азаматтық қоғам белсенділері ауыл шаруашылығы техникаларына салынатын алымды тоқтатып, жеңіл көліктерге жиналатын утиль алым көлемін Еуропа елдеріндегідей 200 доллардан асырмауды сұрап отыр. Алайда қазірден бастап ел арасында утилизациялық алым көлемі 300-400 мың теңге болады екен деген қауесет айтылуда. Оның қаншалықты рас-өтірігін ақпан айының соңында білеміз.

Әлеуметтік жөлі әдеттегідей әнтек, ұшқары пікірге толы. Бұл жолы еліміздің көршілермен қарым-қатынасы талқыға түсіп жатыр екен. Дивандағы «бәрін білгіштерге» Мемлекет басшысының қаңтар оқиғасынан кейін ат басын алдымен Қытай мен Ресейге бұруы жақпай қалыпты. Олардың «көреген» пікірі «АҚШ пен Еуропаға жақын болу керек еді, алыс-жақын жұрттың бәрі әлгі екеумен ат құйрығын үзісіп жатыр, біз соларға ереміз деп, өркеніеттен дүниедең шөт қалуымыз мүмкін» дегенге көп саяды. Расында сондай ма? Жер-Жиһандағы бүгінгі геосаяси және экономикалық ахуал мен дамудың сипаты қандай? Бұл сауалдарға мақала барысында жауап айтыла жатар. Бір анығы – қазіргі көп өрісті дүниеде Қазақ елі алпауыт көршілерімен арадағы жылышырайлы қарым-қатынастан ұтпаса, ұтылмайды. Қадым заманнан бері солай.

Искерлік әдебиетте «Құбылай экономикасы» деген ұғым жоқтың қасы. Есесіне тарихи шығармада көптеп кездеседі. Әсіресе, әйгілі жиһангез Марко Полоның өмірін арқау еткен дүниелерде. Соның бірі — американ каламгері Гери Женнингстің «Саяхатшы» (*The Journeyer*) романы. Кітапта Құбылай ханның Қытайды билеп тұрған кезені суреттеледі. Венециядан келген саудагер Марко Полоның хан сарайында кеңесші дәрежесіне дейін көтерілгені тарихтан мәлім. Ол «Бағындыру қиын, басқару одан да ауыр» дейтін көне қытай тәмсілінің қашанда өзекті екеніне көз жеткізеді. Аспан асты елінде

автокөлікпен жеткізе алады. Жаңа жол тауар тасымалына кететін уақытты 14 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Шығыстағы көршімен тату қарым-қатынастың тағы бір тиімді тұсы бар. Қасқалдақтың қанындай қат дүниеге айнала бастаған инвестиция келді. Инфрақұрылым мен дайын өнім өндіруге арналған осы қаржының жөні бөлек еді. Өйткені Батыстың алпауыт компаниялары біздегі тек мұнай-газ бен тау-кен өндірісіне, яғни шикізат шығаруға ақша салуды жөн көрді. 2008 жылғы ғаламдық дағдарыстан кейін екінші



Фотос: Kapital.kz

QAZAQSTAN. КӨП ӨРІСТІ ӘЛЕМ

шаруашылық жүргізудің сол замандағы ең озық үлгісіне тәнті болады. Ойынқұмарларға жағдай жасап, салық жинаудың тиімді тәсілін енгізіп қана қоймай, қазына қаржысын еселеуге өзі де үлес қосады. Құбылайдың экономикалық реформасы су жолы арқылы ішкі және сыртқы сауда-саттықты жандандыруды көздеді. Сол мақсатпен қатар-қатар жатқан көлдер бір-бірімен канал арқылы жалғасып, жүк тиелген кемелер ары-бері жүре бастады. Мұның шапағаты көршілес жатқан жұрттарға да тиді.

денгейдегі банктер де Еуропа мен Америкадағы қаржы ұйымдарынан алатын арзан несиеден қағылды. Онсыз да отандық экономикаға көк тиын салмайтын банктер ақшадан қысылса, қазынаға ауыз ашып отыруды әдетке айналдырды. Биліктегі лобби-көкелердің дереу көмек қолын созатынын, мемлекеттің ақшаны аямайтынын, нарықтың қатал заңына қарамастан, өзінің банкротқа ұшырамайтынын жақсы біледі. Бюджеттің тек банкирлер ғана емес, қалталы кәсіпкерлер үшін де желіні

күзде американ компаниялары Қытайға жеткізетін сұйытылған газ көлемін күрт арттырды. Себебі де белгілі. Тиынның татын жалаған капиталистің көксегені — өнімін барынша қымбатқа сату. Мұның зиянын мұхиттың ар жағынан әкелінетін «көгілдір отыннан» қағылған Көрі құрлық шекті. Ал болашақты болжай білген Шарль де

Голль, Пьер Мессмер секілді саясаткерлері болған Франция АЭС санын көбейтпекші. Американың әлемдегі ең жакын одақтасы Англия да атом электр стансасын салуға ниет білдірді. Осы жобаға Қытай компаниясын тартпашқы. Ал, түсініп көр. Бір жағынан Альбиондағы ақпарат құралдары «Гонконг пен Шынжаңда адам құқығы аяққа басылды» деп күн құрғатпай дабыл қағып жатады. Екінші жағынан

экономика мен энергия көзі сияқты өзекті мәселеде сындарлы саясат ұстаналы. Тағы бір тосын дерек келтірейік. Вашингтон мен оның одақтастары «Әбден мүмкін» (*Highly Likely*) деп ұрандатып, орыс әскері «Украинаға басып кіреді» деп айыптап, аяусыз ақпарат соғысы жүріп жатқанда, Ресей АҚШ-қа 1,5 млн баррель дизель отынын жөнелтті. Бұл американ тұтынушыларының сұранысын орыс компаниялары қамтамасыз етті деген сөз.

«Жасыл энергияға» бірден көшеміз деп былтыр жаз бойы қамын ойламаған Еуропа мемлекеттері газ бен электр қуатының тым қымбат бағасынан әлі ес жия алмай жүр. Бәрі емес, әрине. Ресеймен ұзақ мерзімді газ келісімін жасаған Венгрия мен Сербияда баға сол бұрынғы қалпында. Сол Еуропадағылар жаппай атом энергиясына бас тартатынын мәлімдеген. Жоспар бойынша, Германия мен Бельгиядағы АЭС атаулы алдағы жылдары жабылуы тиіс.

Батыс пен Аспан асты елін ымырасыз текетіреске түсірген әлгі бастама мен инвестиция ғана емес. Күні кеше Америка мен Еуропадан Азияға көшірілген кәсіпорындарды арзан жұмыс күшімен қамтамасыз етіп, «әлем фабрикасы» саналған Аспан асты елінің ғаламдағы екінші экономика атануы. Әскери техника, ғарыш, озық технология, әсіресе, жасанды интеллект бойынша орасан зор жетістікке жетуі. Ел билігінің тағы бір ерен еңбегі — халықтың сан ғасырлық арманын орындап, кедейлікті жеңуі. Бұған ең алдымен орталықтан шалғайда жатқан өңірлерде жұмыссыздықты жою, тұрғындардың табысын көбейтудің нәтижесінде қол жеткізілді.

Міне, осыдан кейін саясаттанушылар Американың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып келген бір өрісті дүниенің көп өрісті әлемге қадам басқанын айта бастады.

Қытай мамандары мен теологтары елде бір кездері өршіп кеткен діни экстремизмнің астарында жокшылық пен тұрмыс тауқыметі жатыр деген түйін жасады. Осыдан кейін, әсіресе, Шынжаңды экономикалық тұрғыдан жаңғырту, жұмыссыз жүрген тұрғындарды жаңа кәсіпке баулу, еңбекке тартатын орта және шағын кәсіпорындарды ашу қолға алынды. Үш-төрт жылдай бұрын Jas qazaq-тың тілшісі сондай жаңа мамандыққа үйрететін орталықта болып, оның тыныс-тіршілігі туралы жазып еді. Айта кеткен жөн, теріс ағымдардың қауіпті әрекетінен талай зардап шеккен Түркияда сұранысқа ие мамандыққа дайындайтын оқу

орындарының (*кәсіптік лицей*) қасынан қарапайым заттар шығаратын кәсіпорындар көптеп ашылып жатыр. Пандемия кезінде бүкіл әлемде оқу орындары жабылып, шәкірттер үйде жатқанда түрік жастары бетперде тігіп, антисептик сияқты тазалық бұйымдарын шығарды. Шәкірттер оқығанын іс жүзінде пайдаланып қана қоймай, өздерінің материалдық жағдайын жақсартты. Өнімін сатып, пайда тапқан, білімді тәжірибемен ұштастыра білген лицейдің де есебі түгел. Қаңтар қасіретінен кейін

Жаңа Қазақстанның алдында жастарға, әсіресе, ауылдан қалаға тоқтаусыз ағылып жатқан бозбала мен бойжеткенге балық емес, қармақ тауып беру міндеті тұр. Бұдан бұрын жазғанымыздай, ауылдағы қара шаңырақтан алыстап, шаһарда екі қолға бір күрек таппай бос сенделіп жүретін, күнкөріс қиындығы қысқанда теріс ағымның, қылмыстық топтың құрығына түсіп қалады. Жылдар бойы қордаланған түйінді шешу үшін ауыл мен кенттегі тұрмыс, инфрақұрылым, технологиялық тұрғыдан даму дәрежесін қаланың деңгейіне жетуі тиіс. Осындай ұсынысты алға тартқан мамандар ауыл шаруашылығының әлеуетін арттыру қажет дейді. Өзімізді азық-түлікпен қамтамасыз етіп қана қоймай, артылғанын шетке жөнелту керек. Алты қырдың ар жағына жеткізем деп әуреге түспейсін. Алтайдың ар жағында «тойымсыз» алып базар бар. Апар да саудалай бер. Халқы көп, қысы ұзақ Ресей де тартымды нарық.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресейге сапары терістік көршімен өзара тиімді байланыстың жаңа көкжиегін ашады. Әсіресе, жоғары білім саласындағы ынтымақтастық. Білім беру мен диплом алу кәдімгі бизнеске айналып, кәсіби мамандар, инженерлер табыла бермейтін отандық экономика осы олқылықтың орнын толтырар деген үміт бар. Мемлекет басшысының өткендегі сапар барысында Қазан қаласына баруы тегін емес. Татарстан — Ресейдегі республикалар арасында ауыр өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы қатар дамыған, инфрақұрылымы жетілген, кәсіби маманы көп, бәсекеге қабілетті, халқы сауатты өңір болып табылады.

Қайсыбір дуалы ауыздар дөп басып айтқандай, мынау «есі ауысқан» ғаламшарда орыспен ормандас, қытаймен қыраттас Қазақ еліне басына күн туғанда қасыннан табылатын көршімен тату болу — өміршен мәселе. Сондай-ақ алыс-жақын елдермен қай салада болмасын, сындарлы, өзара тиімді байланысты жалғастыру көкейкесті болып қала береді. Соңғы 30 жылда өзінің жемісін талай рет берген біздің көпвекторлық саясатымыз осының жарқын мысалы.

Срайыл СМАЙЫЛ



Арадан сегіз ғасыр өткенде қытайлар тауарды төте жолмен әлемнің кез келген түкпіріне жылдам жеткізіп беретін жаңа жобаны ұсынды. Ол — алыс-жақын жұрттың бәрі білетін «Бір жол — бір белдеу». Ежелгі «Жібек жолын» жаңғыртып, транзиттік тасымал ғана емес, ірілі-ұсақты көптеген елдерде заманауи инфрақұрылым жүйесін құруға ықпал еткен осы бастаманың Қазақстан астанасында жарияланғаны әмбеге аян.

Қазақ даласы ғаламат жобаға белсене атсалысып, Шығыс пен Батыс арасын жалғайтын ең тиімді көлік өткеліне айналды. Теңіздегі сауда жолдарынан алыста жатқан еліміз (Land Locked Country) шикізат пен дайын өнімді әлемдік аялақтар арқылы әлемдік базарға жеткізуге мүмкіндік алды. Осы аптада Алматы — Бәндар Аббас — Маскат бағыты бойынша пилоттық жоба жүзеге асты. Сөйтіп отандық компаниялар енді Оман мемлекетінің Сүәйк айлағына жүкті

ешқашан сарқылмайтын сауын сиыр сияқты болғаны өркімге белгілі.

Қытайдың тікелей инвестициясы мен шарттары жеңіл әрі ұзақ мерзімге берілетін несиеі бұған дейін ақша әлемінде бірден монополисті болып келген Батыстағы қаржы ұйымдарын қатты ойландырып тастады. Бұрын шаруасы шатқаяқтаған, соғыста соқтасы шыққан елдер ес жиып, тіршілік қамытын сүйрету үшін АҚШ пен кәрі құрлықтағы банктерге жүгінетін. Олар сұрағанның бәрін қуанта бермейді. Вашингтон мен Брюссельден меуерін күтеді. Ал Халықаралық валюта қорынан жырымдап (*траншпен*) несие алу, ауызекі тілмен айтқанда, «қораға кіріп кеткенмен» бірдей. Оның машабатын осы қордың таусылмайтын талабын орындаймын деп қунарлы қара топырағын — жерін де сатуға мәжбүр болған украиндар көріп жүр.

Батыс пен Аспан асты елі арасында кескілескен идеологиялық күрес ақпарат



экономика мен энергия көзі сияқты өзекті мәселеде сындарлы саясат ұстаналы. Тағы бір тосын дерек келтірейік. Вашингтон мен оның одақтастары «Әбден мүмкін» (*Highly Likely*) деп ұрандатып, орыс әскері «Украинаға басып кіреді» деп айыптап, аяусыз ақпарат соғысы жүріп жатқанда, Ресей АҚШ-қа 1,5 млн баррель дизель отынын жөнелтті. Бұл американ тұтынушыларының сұранысын орыс компаниялары қамтамасыз етті деген сөз.

«Жасыл энергияға» бірден көшеміз деп былтыр жаз бойы қамын ойламаған Еуропа мемлекеттері газ бен электр қуатының тым қымбат бағасынан әлі ес жия алмай жүр. Бәрі емес, әрине. Ресеймен ұзақ мерзімді газ келісімін жасаған Венгрия мен Сербияда баға сол бұрынғы қалпында. Сол Еуропадағылар жаппай атом энергиясына бас тартатынын мәлімдеген. Жоспар бойынша, Германия мен Бельгиядағы АЭС атаулы алдағы жылдары жабылуы тиіс.

GOVID-19: ШЕКТЕУГЕ ҚАРСЫ ШЕРУ



Фотос: Интернет





E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

АИМАQ



Биыл бұл жолдың жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, келесі жылы құрылыс жұмыстары басталады. Осы жолдың Атырау облысына тиесілі бөлігін салудың өзіне 100 млрд теңгеден астам қаражат қажет болады. Қаржының 90 млрд теңгесі басқа жобалардың есебінен, яғни үнемделген ақшадан бөлінеді деген болжам бар. Осы тұста әңгімеге араласқан Мәжіліс депутаты Дүйсенбай Тұрғанов жол құрылысына тартылған мердігер компаниялар келісімшарт жасасқаннан бергі аралықта дизель отыны, құрылыс материалдары бағаларының күрт көтеріліп кеткенін, осыған байланысты Үкімет тарапынан қандай іс-шаралар қабылданатынын сұраған. Соған байланысты индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев Атырау облысындағы жол құрылысына қажетті қаражат жеткілікті қамтылғанын, оның 15 пайызы республикалық бюджеттен, 85

де, әлі біткен жоқ. Енді «қаржы тапшы» деген сылтаумен тоқтап тұр. Биылға республикалық бюджеттен бөлінуі жоспарланған 8 млрд теңгеден қазірде қолға тиіп отырғаны 2,4 млрд теңге ғана. Сарапшы мамандардың есебінше, басталған құрылысты соңына дейін жеткізу үшін кем дегенде 10 млрд теңге қаржы керек. Ал оның қайдан, қалай табылары өзирге беймәлім. Сонда қалған сексен шақырым жолды сіңірдей созып, он жыл бойына жөндейміз бе, енді қашан бітеді бұл құрылыс? — деп сұрақты төтесінен қойды депутат. Бұл сауалға министрдің берген жауабы мынадай болды: «Осы көктемде біз сұрап отырған 9,5 млрд теңге қаржы бөлініп, жұмыс әрі қарай жалғасқан жағдайда ғана құрылыстың қашан бітетінін нақты айта аламыз. Ал егер керекті қаржы мезгілінде берілмесе, онда келесі жылға жылжыту жағын қарастырамыз».

САПАСЫНА ҚАРАЙ – САНАТЫ

Дөңгелек үстел отырысына қатысқан Мәжіліс депутаты Сағындық Лұқпановтың сауалы пайдаланудағы автокөлік жолдарының санаты мен құрылыс-жөндеу жұмыстарына жұмсалатын қаражаттың көлемі төңірегінде өрбіді. Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Берік Камалиевтің түсіндіруінше, 1 шақырым жолға жұмсалатын қаражат көлемі оның санатына байланысты. Мәселен, 1-санаттағы жолдардың 1 шақырымына бізде 4 млн долларға дейін жұмсалады. Ал 1 шақырымына 1 млн доллар шығындалатын жолдар 3-санатқа жатады. Жолдардың қандай санатта болатындығы, оның өткізгіштік қабілеттілігіне қарай бағаланады. Айталық, ол жолмен тәулігіне 10 мың көлік өтсе, онда мұндай жол 1-санатты және міндетті түрде 4 жолақты болуы шарт. Мысалы, «Атырау – Орал», «Атырау – Доссор» тас жолдарын болашақта бірінші санатқа ауыстыру қажеттілігі туындауы ықтимал. Ал 2-санатты жолдарға кететін шығын 2,5 млн долларға дейін жетеді. Белгілі болғаны, қазір жол жабындысының қалыңдығына байланысты өзгерту енгізілген. Кезінде Алматыдан Елордаға салынған жолдың қалыңдығы 40 сантиметрді құраған. Қазіргі жолдардың қалыңдығы 80 сантиметрге дейін жетеді. Сайып келгенде, жолдың мейлінше ұзақ мерзімге жарамды, сапалы әрі сенімді болуы оның талапқа сай төселуіне байланысты екенін әркез естен шығармаған абзал. Вице-министрдің тағы бір айтқаны, «Құлсары – Мұқыр» жолын салуға техникалық-экономикалық негіздеме жасалған. Бүгінде ол мемлекеттік сараптамадан өтуде. Наурыз айында сараптама аяқталады деп жоспарлануда. Содан кейін жобасы бекітіліп, қаржы тетіктерін қарастырып, жұмыс 2024 жылы басталады деп жоспарланып отыр. Өзекті мәселені талқылауға онлайн режімде қатысқан министрлікке қарасты ведомстволар мен кәсіпорындардың басшылары, қоғам белсенділері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен блогерлер де күн тәртібіндегі тақырып төңірегінде ой-пікірлерімен ортақтасты.

Нүргүл НАСЫР,
Атырау қаласы

Түйткіл

«Атырау – Астрахан» жолы бүгінде күн тәртібінен түспей отыр. Президент пәрменінде «2021 жылға дейін бітіру керек» делінген жол құрылысы былтырдан бері тоқтап тұрғаны мұқым елге мәлім. Ал бұл жағдайға не себеп болды? Миллиардтардың жобасына кім жауапсыздық танытып отыр?! Созбаққа айналған тақырып турасында Президент жанындағы орталық коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында өткен «Еліміздің батысындағы автожолдарда іске асырылып жатқан жобалар: проблемалар мен шешу жолдары» тақырыбында тағы бір мәрте талқыланды.

ХАЛЫҚТЫҢ ШАҒЫМЫ ОРЫНДЫ

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаевтың айтуынша, атыраулықтардың жолға байланысты айтар арыз-шағымы орынды. «Атырау – Астрахан» жолының бірінші кезені жүзеге асқанымен, екіншісі расымен созылып кетті.

«Оның себебі мынада: Семейде жол жобалау институты бар. Сол институт мамандары жобаны жасағанда жергілікті жердің топырағын құрылысқа пайдалануға ұсыныс берген. Соған байланысты ол жобалық-сметалық құжаттамада ескерілді. Ал жұмыс басталғанда топырақ сапасының жол құрылысына жарамайтындығы анықталды. Өйткені оның құрамында тұз бен гипс бар. Мердігер компанияның мамандары жол құрылысына мұндай топырақты пайдалану оның сапасына кері әсер ететінін, тиісті стандартқа сай келмейтінін айтады. Сондықтан бұған жауапты лауазым иелері әкімшілік жазаға тартылып, өз қаражатына қайтадан жобалық-сметалық құжаттама әзірледі. Былтыр ол мемлекеттік сараптамадан өтті. Жол құрылысына қажетті қаражат толығымен қарастырылған. Келесі жылы бұл жұмысты мәресіне жеткіземіз деп жоспарлап отырмыз», — деді министр.

Ал индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Берік Камалиев «Атырау – Астрахан» жолының құрылысына қазіргі уақытта Ақтөбе облысынан, Алматыдан қажетті материалдар жеткізіліп жатқанын атап өтті.

«Бұл жол бірінші рет осыдан жарты ғасырға жуық уақыт бұрын, дәлірек айтқанда, 1975 жылы салынып, пайдалануға берілген. Кезінде Қазақстандағы жоғары сапалы жолдардың бірі болатын. Алайда кейінгі кездері көршілес Өзбекстаннан транзиттік жүк көліктерінің көптеп өтуіне байланысты бүлінген. Бүгінде Астраханнан Құрманғазы ауылына дейінгі 60 шақырым жолдың құрылысын аяқтадық. Бұл халықаралық дәліз республикалық бюджеттен қаржыландырылады. Қалған бөлігіне керекті қаржы Еуропа даму банкінен тартылады», — деді вице-министр.

ҚАРЖЫ ҚАЙДАН БӨЛІНЕДІ?

Министр Қайырбек Өскенбаевтың сөзінен «Құлсары – Мұқыр» жолының техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленгені белгілі болды. Ол да қазіргі уақытта мемлекеттік сараптамадан өтуде. Осы жылдың наурыз айында бұл іс-шара толық аяқталып, содан кейін қаржыландыру көздері анықталады. Барлық жұмыс біткеннен кейін, 2024 жылы, әрі кеткенде 2025 жылы нақты құрылыс жұмыстары басталады. Министр жалпы ұзындығы 519 шақырымды құрайтын «Атырау – Орал» тас жолының құрылысына қатысты ойымен де бөлісті. Оның 184 шақырымы Атырау облысының аумағы арқылы өтеді.

пайызы халықаралық қаржы институттарынан тартылатынын баяндады. «Биылға бұл жоба бойынша қаржы бөлінді. Ал алдағы екі жылда игерілетін қаражаттың көлемі республикалық бюджетті қарау барысында ескеріліп, нақтыланады», — делі К.Өскенбаев.

СЕКСЕН ШАҚЫРЫМНЫҢ СЕРГЕЛДЕНІ

Мәжіліс депутаты Дүйсенбай Тұрғанов «Индер – Қарабау – Миялы – Сағыз» тас жолының 80 шақырымында құрылыс жұмыстарының қаржы тапшылығынан тоқтап қалғанын да жеткізді. — Өздеріңізге белгілі, мұндағы жұмыстың басталғанына 4-5 жылдың жүзі болды. Әйтсе

Бас тігу

Елімізде букмекерлерге қарсы ақпараттық науқан басталып кетті. Бұл кімге және не үшін қажет?

ЖЕЛГЕ ҰШҚАН МИЛЛИОНДАР

Өткенде жолы болмаған бір ойынпаз Бейнеудегі лото-клубқа от қойды. Сол кезде бұқаралық ақпарат құралдары «букмекер кеңсесін өртеп жіберді» деп бір-бірінен іліп әкетіп, жарыса жазды. Оқиғаның анық-қанығы белгілі болғанда, ешкім жоққа шығаруға асықпады. Одан кейінгісі тіпті күлкілі. Белгілі блогер, кәсіпкер және Алматы мәслихатының депутаты букмекерлік кеңселерге қарсы петиция ұйымдастырды. Ойынқұмарлыққа тартады деген айып тақты. Онымен қоймай, Алматыдағы букмекерлер кеңсесін шұғыл түрде жабуды талап етті. Ал «Ойын бизнесі туралы» заңға сәйкес, олар баяғыда Қапшағайға көшіп кетті емес пе? Мәселенің мәнін білмейтіні осыдан-ақ көрініп тұрған жоқ па?

Бұл ақпараттық шабуылдың бір бөлігі ғана. Соңғы кезде түрлі басылымдарда бәс тігуге тәуелділік, ойынқұмарлық туралы небір мақала жарық көруде. Соның бәрі букмекерлер туралы. Мәселен, беделді бір портал аноним ойыншымен сұхбат жариялады. Онда Шымкентте тұратын жас жігіт букмекерлерге бақандай 30 миллион теңге ұтылғаны туралы баяндайды. Бір қарағанда айтқаны шындыққа жанасымды сияқты. Сөйлеген сөзі, бірге ойнаған жолдастары, жалпы құмарпаздық психологиясы, бәрі де шын сияқты көрінеді. Тек автор бір нәрсені ескермепті: сұхбатта спорттан мүлде хабары жоқ, турнир, ойын стратегиясынан түк білмейтін адамның букмекерлерден қалай ірі сома ұтып алғанын айтпайды. Ұтысқа кенеліпті, бір емес, 30 миллион рет! Ақырында құмарпаздыққа салынғаны сонша, бір миллион теңгеден қалай айрылғанын білмей қалыпты.

Бұл тақырыптың жілігін шағып, майын ішетін адамдар мақаланы оқыған соң ішек-сілесі қатқанша күлді. Өйткені спортты білмей дәлме-дәл болжам жасап, ақша ұтып алу мүмкін емес қой. Егер де казино немесе картада ойнаса, бір басқа. Оларға ешқандай білімнің керегі жоқ. Онда әлгіндей әңгімеге сенуге болар еді.

Мұндай үгіт-насихаттын не керегі бар? Букмекер деген лото-клуб немесе казино сияқты дегенге сене қоятын жұрт ақымақ емес қой. Тіпті өмірінде бірде-бір рет бәс тігіп көрмеген адамның өзі спорт болжамы деген рулетка да, карта да емес екенін түсінеді. Бұларды ажырата білу керек.

БЕТИНГ ПЕН ГЕМБЛИНГ

Айырмашылық терминнің өзінен де байқалады. «Беттинг» сөзбе-сөз аударғанда қандай да бір оқиғаның нәтижесіне бәс тігу дегенді білдіреді. Ал «гемблинг» — «to gamble», яғни «құмар ойын ойнау» деген етістікпен байланысты. Егер беттингте, яғни букмекерлік бәс тігуде барлығы да алдағы спорт оқиғасына қарай



БӘРІНЕ БУКМЕКЕР КІНӘЛІ ДЕЙСІЗ БЕ?

анықталса, гемблингте алдын ала белгілі фишкалар, сандар немесе карта қисындарының кездейсоқ түсуіне қарайды.

Беттингте спорт оқиғасының нәтижесін ойдан айта салып, матч немесе жекпе-жек туралы ештеңе білмей ұтысқа қол жеткізу деген әшейін қиял. Әрине, теориялық жағынан тирде көзді жұмып тұрып атқанда «ондыққа» дәл тигізуге болатын шығар. Алайда іс жүзінде бұл мүмкін емес. Демек әлгі шымкенттік жігіттің букмекерлік бәс тігуде спорттан ештеңе білмей, әлденеше рет ірі ұтысқа қол жеткізуі шындыққа жанаспайды.

Спорт болжамының дәлме-дәл келуі бәсеке нәтижесіне әсер ететін көптеген факторлар мен шарттарды қаншалықты терең болжай алдыңыз, соған байланысты. Мұндай факторлар он шақты: команда құрамы, олардың турнир кестесі мен премьер-лигадағы орны, жеңіс пен жеңілісінен бастап, матч кезіндегі ауа райы және т.б. Оның бәрін білмей, жарыстың нәтижесін тап басу тирде көзді жұмып тұрып «ондыққа» дәл тигізумен бірдей.

Дәл осы себеппен беттинг интеллектуалдардың хоббиі саналады. Қиыннан қиыстырулы қажет етеді. Сондықтан патологиялық құмарпаздар бұл салада ұзақ аяламайды. Ойынпаздар одан гөрі рулетка, лото, карта, ойын автоматтары сияқты қарапайым және түсінікті саланы құп көреді. Олар бас

кесел. Сондықтан оған қарсы күресу керек. Әйтсе де, кәсіби емес ақпараттық шабуыл, БАҚ-тағы тапсырыспен жазылатын сауатсыз жазбалар арқылы емес, ғылыми қоғамдастықтың қолдауымен жүзеге асатын жоспарлы жұмыс болуы керек. Медициналық, азаматтық сарапшыларды, тіпті ойын бизнесінің өкілдерін тарту арқылы талдау жасайтын, кеселге қарсы күрес жолдарын ұсынатын жарияланымдар БАҚ-та жарық көрсе, құба-құл.

Бізге өркениетті қоғамдық диалог қажет. Ол көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсетіп, сонымен бірге ашық ереже мен регламенттерді қалыптастыруы тиіс. Ойын бизнесі саласында астыртын және заңсыз құрылымдармен мемлекеттік күресті жалғастыру маңызды. Соның ішінде Қазақстанда жұмысын жүргізуге құқығы жоқ шетелдік букмекерлік сайттарға тосқауыл қоятын кез келді. Аңқауларды тұзағына түсіретін онлайн-казинолардың жолын кесу керек.

Лото-клубты өртеу және ақпараттық соғыспен мәселе шешілмейді.

Олжабек БАЙҚАТОВ

Жуырда Ш.Уәлиханов атындағы Тарих этнология институты өткізген «Қазақстан тарихын жазудың жаңа кезеңі басталды» деген онлайн конференциясынан кейінгі ой-толғаныстар.

Біздің тарихымыздың күні кешеге дейін кеңестік отарлық биліктің тізгіндеуінде жазылған жасанды тарих екеніне көз жеткізу үшін 1977-1980 жылдары (*көне заманнан бүгінге дейін*) жазылған бес томдық «Қазақстан тарихында» баяндалған басты тақырыптар мен 1996 жылдан 2000 жылға дейін жазылған төрт томдық «Қазақстан тарихында» (*көне заманнан бүгінге дейін*) баяндалған мазмұндардың «Тәуелсіз Қазақстан дәуірі» деген анықтамасынан басқа көзге көрінерліктей жаналық байкала қоймағанын мойындауымыз керек. Оның басты себептері ретінде атап айтармыз:

1. Екі мәрте «Қазақстан тарихын» жазған авторлар негізінен қаз-қалпында, пәлендей дайындықсыз, асығыс кірісіп кеткендіктен кеңестік методологиядан алыстап кете алмағандығы анық байқалды.
2. Ең негізгі себеп ретінде Тәуелсіз Қазақстан тарихын жазуға қажетті жазба деректер мен архивтік материалдар мүлде жоқ дерлік еді.
3. Мыңдаған жылдық көне тарихты, әсіресе, әлемдік тілдерде жазылған жазбаларды оқи алатын жан-жақты білімдар жас тарихшылар әлі қалыптаса қоймаған өтпелі кезеңде оған мүмкіндік жоқ болатын. Оны ашық айтып, тарих таразысына сала отырып ой қорытуға тиіспіз.

Ендігі жерде Тәуелсіз Қазақстан тарихшылары өз тарихын қалай жазуы керек? Қандай тұжырымдарға арқа сүйеп, қандай методологиялық әдіс-тәсілдерді қолданып, ұлттық-мемлекеттік идеологияны қалай көрнекілендіре аламыз дегенге келгенде, әлі де бірлікке келген ұжымдық көзқарас жоқ екендігі де бүгіннің шындығы. Солай бола тұра, баяғыша қатып-семген талаптардың жетегінде кетпей, алуан түрлі пікір, көзқарас, методологиялық әдіс-тәсілдерді сарапқа салып, әрбір том жөнінде көптеген ғылыми талқы жиындарын өткізу бүгінгі таңдағы үлкен мүмкіндік әрі жетістік болып отыр.

Жеті томдық «Қазақстан тарихын» жазудың негізгі жауапкершілігін мойнына алған халықаралық Түрік академиясы мен Ш.Уәлиханов атындағы Тарих этнология институты ұйымдастырған кезекті бір онлайн конференцияда «Кеңестік кезеңіндегі Қазақстан тарихы» (*6 том*) туралы жан-жақтылы сөз болды.

1917-1991 жылдар аралығындағы қазақ халқы тап болған қан қасап қырғын мен қуғын-сүргін, пролетариат диктатурасы тудырған тарихи қасіретті қалай жазу, бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның тарихшылары алдына толып жатқан тың сұрақтар қойып отырғаны атап көрсетілді. 6 томды қалай жазу шын мәнінде қазақ тарихшылары мен қазақ халқы ақыл-ойына үлкен салмақ салады.

Қазақстан мен алыс-жақындағы белгілі тарихшылар қатысқан бұл бас қосудың ең өзекті мәселелері жөнінде әр түрлі ойлар, ұсыныстар, методологиялық ұстанымдар айтылғандай болғанымен тарихшы ретінде мен академик Мәмбет Қойгелдиевтың ортаға тастаған тұжырымдарын қолдап-қуаттайтынымды ашық айтқым келді.

XIX-XX ғасырдағы қазақ тарихын, онда да кеңестік орыс отаршылдығы дәуірін түп-түқияндата әрі ұлттық-мемлекеттік мүлде тұрғысынан зерттеп-зерделеуде бағытынан таймаған отаншыл-ұлтшыл тарихшы ретінде мойындалған профессор Мәмбет Құлжабайұлы баршамызға мынадай сұрақтар тастап, әрі оның жауабын өз тұрғысынан тұжырымдап берді.

Ендігі сөзді академиктің сол бас қосуда жасаған баяндамасынан үзінді келтіре отырып, жалғастырғанды жөн көрдік:

«Бүгінгі таңда толыққанды көп томдық Отан тарихын жазуға қажет алғышарттар бар. Ешқандай да идеологиялық шектеу жоқ. Осы уақытта дейін қолжетімсіз болып келген фактілік материалдар біршама жинақталды. Ендігі уақытта қолбайлау болып отырған бір-ақ нәрсе. Ол — біздің Отан тарихын қорытуда методологиялық тұрғыдан жаңа кеңістікке шығу ісінде кешеуілдеп жатқанымыз.

Бұл пікірді мен ең алдымен бүгін талқыға түсіп отырған алтыншы томға байланысты айтқан болар едім. Осы ретте, мәселен, көп томдықтың алтыншы кітабында, оның авторлары жауап беруге тура келетін бірнеше сұраулар бар. Олар, біріншіден, 1917 жылғы қазан революциясы қазақ халқы күткен революциялық өзгеріс па еді? Екіншіден, қазан революциясы нәтижесінде орнаған «пролетариат диктатурасы» аталған билік жүйесіне қазақ қоғамында сұраныс бар ма еді?

Міне, осы қойылған сұрауларға жауап іздеу өз ретінде келесі мәселелерге түрткі салары анық. Олар, біріншіден, біз қарап отырған тарихи кезеңде қазақ қоғамы алдында шешуін күтіп тұрған саяси-әлеуметтік мәселелер метрополидағы жетекші саяси күш большевиктер партиясы көздеген максаттармен қаншалықты үйлесімді, сәйкес келетін еді? Екіншіден, 20-30-шы жылдары қазақ қоғамының басынан өткерген қасіретті жағдайларды осы сәйкессіздіктен туған жоқ па?

Бұл сауалдарды айналып өту мүмкін емес. Оларға іргелі де негізді жауап бермей біз кеңестік кезеңдегі тарихымызды тура түсіне де және түсіндіре де алмаймыз. Көпсөзділік, демагогия бұл арада ешкімді құтқара алмайды.

Айталық, большевиктер партиясы тап күресін қоздыру, әлемдік революция салтанаты сияқты ұстанымда тұрған болса, қазақ қоғамы алдында бірінші кезекте ұлттық бостандық және ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту міндеті тұрды, яғни қазақ қоғамы, оның бастаушы саяси күші антиколониалық, антимпериялық күрес жолында тұрды. Осы тұрғыдан алғанда, ұштағандық лениндік социализм құру бағдарламасының салтанат құруы (*советтік тарихнама ұстанымы*) қазақ қоғамы үшін 20-30 жылдары апатты қорытындылармен аяқталды. Бұл ретте С.Сәдуақасұлының тура көрсетіп айтқанындай: сталиндік жүйе қазақ мүддесін большевиктік негізсіз бағдарламаға құрбандыққа шалды.

Алтыншы кітапта осы және басқа мәселелер тура шешімін тапқаны жөн. Авторлар осы ортақ мүддеге жұмылып жұмыс жасағанымыз тура болмақ».

Онлайн конференцияны жүргізген Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих этнология институтының директоры, профессор Зиябек Қабылдинов қорығынды сөзінде жеті томдықты жазуға кірскен тарихшылар мен зиялы қауымға азаматтық танытып, ұсыныстары мен сыни ой-пікірлерін білдіріп отыруға шақырып еді. Осыған орай мен өз тарапымнан 2017 жылы жазылған «Отан тарихын жазудың жаңа кезеңі басталды» деген зерттеу мақаламды оқырман назарына ұсынуды жөн көрдім.

ОТАН ТАРИХЫН ЖАЗУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

21-ғасыр табалдырығын қарқынды қадаммен аттаған тәуелсіз Қазақстан тарихшылары қазақ тарихын қалай жазуы керек, қандай тұжырымдамаларға арқа сүйеп, қандай методологиялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, іске кірісу керек дегенге келгенде,



«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН» ЖАЗУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

олардың арасында әлі де бір пікірге тоғысқан ұжымдық көзқарас жоқтығы байқалып қалады. Бірақ бұл жағдайдан шошынып, бір-бірімізді және сол арқылы аға буын тарихшыларды кінәлауға болмайды.

Біз қазақ елі тарихын жазарда батыстық үлгіден туындайтын методологияға тәуелділіктен құтылып, түрік мемлекеттерінің таянышы тас қамалдарға бекінген патша ордасы, патша тағы емес, халық, жер, қаған туы тігілген орда екендігіне көз жеткізуімізге тура келеді. Егер біз өз ата-бабамыздың тарихына терен үніле алсақ, түрік елінің тарихшысы Б.Өгелдін: «Түрік тарихы түрік қауымдары мен түрік ұлтының біртұтас өмір хикаясы болып табылады. Мемлекеттер құлап, жанасы құрыла береді. Ал мызғымай жалғаса берері: түрік ұлты мен түрік қауымдары және олардың санасында сақталар кастерлі ұғым-түсініктер болса керек. Түрік мемлекетінің ұйтқысы — «отбасы, шаңырақ», шаңырақ шайқалмаса, бұл ұғым-түсініктер одан әрі жалғаса бермек» деген уәжіне тоқтар едік.

Бүкіл әлемді жайлап алған «жаһандану» мен әсіреленген «гендерлік саясаттан» туындап жатқан отбасы бірлігін бұзатын «азаматтық неке», «бір жыныстылар некесін» заңдастыру, т.с. сияқты жалған демократиялық желікпелерге саяси және тарихи тұрғыдан баға беріп, жас ұрпақты ата-баба тарихы тағылымымен тәрбиелеу арқылы мемлекеттің, ұлттың таяныш-тірегі болған қасиетті отбасы бірлігін сақтап қала аламыз және солай етуге тиіспіз. Ата тарихымыз, кастерлі салт-дәстүріміз, өмір салтымыз және мемлекеттік ұғым-түсінігіміз бізге осындай аса жауапты, әрі аса қасиетті міндет артады. Қазақ елі тарихын жазуға атсалысқысы келетін азаматтар осындай қарапайым, бірақ салмақты қағидаларды назарынан тыс қалдырмауы тиіс.

«Қазақ мәдениеті тарихын зерттеудің әдіс-тәсілдері қандай болуы керек?» деген мәселеге қатысты «Мәдениет тарихына кіріспе» атты тоғыз томдық ерекше еңбек жазып қалдырған тарихшы Б.Өгелдін: «тіршіліктің, сондай-ақ кісіліктің негізі тамақ пен ішіп-жемге тіреледі. Осынау аса маңызды тұғырды орағытып өтіп, мәдениет тарихын неғұрлым жеміс жапты тарих жазу дегенді түсінудің өзі қиын» деген сөзі қазақтың «Ас адамның арқауы», «ұшқан құс, жүгірген аң — бәрі тамақ үшін» деген қағидаларымен үндес.

Олай болса, біздің тарих жазумен айналысып жүрген зерттеушілер қазақтың да өмір-тіршілігінің арқауы болған ұлттық тағамтану мен ішіп-жөміні өзіндік ерекшеліктерін көрнекілендіру ісінен бастауы керек-ақ. Айтулы әскери жорықтар мен ұлы қоныс аударулар барысында, сондай-ақ қатал табиғат жағдайында ұлтты сақтап қалған, өне, сол кенеулі тағам, азық-түлік және жылы да қолайлы киім-кешек екенін бағалай білудің

ұлттық тарихымызды жазуда соншалықты ерекше орны бар.

Жоғарыда айтылғандарды түсіндірер болсақ, әлемдік түрікшілдік негіздерін егжей-тегжейлі қарастырған Зия Гекальптың «кейбір ұлттардың заманауи мәдениетке қол жеткізуі үшін, өткенінен алыстауы қажет болатын шығар. Ал түріктердің, керісінше, өздерінің өткен тарихына, ежелгі мәдениетіне қайырылып, назар аударуы жеткілікті» екенін, ең алдымен, өзіміз танып-білсек, содан кейін ғана сол ұлы мәдениетті зерттеудің әдіс-тәсілдері мен ғылыми пайымдарын жан-жақты қарастырып, әлемдік деңгейдегі тәжірибелермен ұштастыра алар елік.

Жоғарыда өзімнің түрік тарихшылар мектебінен үлгі-өнеге алғанымды, солар

Біз кезінде жоғарыдағылардың қысымымен ұялмай-қызармай: «Ашаршылық болса да, геноцид болған жоқ» деп жазып келдік. Қазаққа әбден жеме-жемге келгенде айтылатын «Әкенді өлтіріп пе едім?!» деген өте ауыр сөз бар. Ал біздің әкелерімізді миллиондап қырды! Ол ашаршылықтың сонша максатты түрде болғандығы да ешқандай құпия емес қой! Ашаршылыққа алып келген себептерді ашып жазуға әбден болады. Дәлелдер де жеткілікті, тек оған жігеріміз жетсе!

Одан кейінгі мәселе — 1929-30 жж. коллективтендіру науқанының саяси және экономикалық жүйеге тигізген зардаптары, осының салдарынан 1932 ж. халықты қырған ашаршылық. Бауыздалмаған малдың етін «арам» деп ешқашан жемеген сорлы қазақ, ашаршылық кезінде өз баласы мен туысының етін, тіпті талғажау болатын нәрсенің бәрін жеген. Демек осыдан бастап-ақ геніміз өзгерді. Сөйтіп біздер қайуандық деңгейге түстік. Ашаршылық адамға не істетпейді? 1918-21 жж., 1929-1932 жж. ашаршылық, 1937-38 жж. репрессия, 1941-1945 жж. қан кешкен ұрпақтар қырғыны. Одан аяу дегенді ұмытып, қан кеше жүріп, орыстардың арағы мен темекісін үйіреніп келген ардагерлеріміздің ұрпақтары мен кейінгілердің бәрі дерлік қазақы салт-дәстүрлер мен ділден, діннен жұрдай болдық. Бұл ашы шындықты айтуға тиіспіз! Біздің генофондымыздың осылай бұзылғандығы — тарихи трагедиямыз! Ол да шындық, оны мойындауымыз керек.

Ендігі әңгіме «Бұл жағдайды қалай, қайтіп түзетеміз? Рухани тазалыққа қалай қол жеткіземіз? Әбден бұзылған қанымызды қалай тазалаймыз? Ұлтты қалай тік тұрғызып, отыз ел ме, қырық ел ме, он ел ме, соның қатарына қалай қосамыз?» деген мәселелер төңірегінде болуы тиіс. Әрине, озық елдер қатарына құр тепеңмен жете алмайтынымыз да белгілі. Сондықтан да, жоғарыда айтқанымдай, ол деңгейге тек рухани-моральдық үрдісті қалыптастыру, денсаулық пен ұрпақ тәрбиесі тұрғысындағы, т.с.с. үлкен де түбегейлі тазарулар, үлкен жаңғырулар арқылы ғана қол жеткізуіміз қажет. Қысқасы, осы мемлекетті құрайтын қазақ ұлты мен басқа да ұлыстар өкілдерінің: «Мынау менің елім, мен осы елдің азаматымын, мен ешкімнен кем емеспін, мен осы елдің иесімін!» деп айта алуы үшін, ең алдымен, бұл елдің азаматының қарны тоқ, киімі бүтін, ертеңгі күніне алансыз болуы тиіс.

Ал қазіргідей көрінгеннің босағасында есігін күзетіп, не арбасын сүйретіп жүріп, ондай деңгейге жетуіміз қиын. Қараныздаршы, қазақ жігіттері үш түрлі жағдайда жүр. Біріншісі — базарда, екінші — дені сау, ірі денелі жігіттер бір байдың немесе бір фирманың есігін күзетіп тұр, үшіншісі — алдыңғы екі топтың ішінен орын таппағандар — қылмыс жасап жүр. Қай жағынан алып қарасаң да, бәрі қылмыс! Төртінші топтағылар — қыздарымыз. Қазақтың қыздары шетелге кетіп жатыр. Ойлаңыздар, ол кетіп жатқандардың бәрі күнін көре алмай жүргендер емес, керісінше, оқыған, түрі-басы тәуір, неше түрлі билікте жүрген, тәрбиеленген қыздарымыз. Жаппай кетіп жатыр. «Осының барлығы нендей жағдайдан болып жатыр?» десек, тәуелсіздіктің мәнін халыққа дұрыс жеткізе, соған сендіре алмағаннан, кепілдік бере алмағаннан болып отыр.

Міне, осы мәселелерге байланысты, жастарға тарихты оқыту мен сол ата-баба тарихынан тағылым алудың дұрыс, тиімді жолдарын қарастырып, тауып, ұсынбасақ және осы тұрғыда жан-жақты еңбек етпесек, төл тарихымызды өзінің атымен танбалап жазбасақ, ешқандай түбегейлі өзгеріс те, рухани, жаңғыру да болмайды! Мысалы, өткен ғасырдың 50-ші жылдарындағы «тың игеру» — столыпіндік реформаның жалғасы, әрі патшалық Ресейдің орындальмаған арманын Н.Хрущевтің мақтаншылықпен орындауы, қазақ халқын ассимиляцияға ұшыратудың тиімді тәсілі екені айдан анық саясат екені рас! Осылардың тиімсіз әсері емес пе, қазақ халқын осындай жағдайға жеткізген?! Ал, оны жатып кеп мақтан қылатындай не бар? Егер біз құлдық психологиядан арылсақ, тәуелсіздікті орыс империясының бодандығынан құтылып алғанымызды ұрпаққа түбегейлі түсіндірмесек, қай елмен қандай саяси байланыста болуымыз керектігін түсіндірмесек, қайта сорлап қалуымыз мүмкін. Осы жағын мықтап ойлауымыз керек!

Жалпы тарихты дәуірлерге бөлуде тарихи оқиғаларды өз атымен атауымыз керек. Тәуелсіз мемлекетіміз енді неге қорқақтауы тиіс? Өзімізді құртып отырған тек өзіміз, біздің осалдығымызды сырттағылардың пайдаланып отырғандығы ғана.

Сондықтан мемлекеттің тарихқа қатысты ұстанған он көзқарасын дұрыс пайдаланып, біз қазақ тарихын жазарда осы мәселелерді келісіп алмасақ, мысалы жанағы айтылған пікірлердің бөріне жанаша көзқарас тудырмасақ, біз қалай институт атынан кітап шығарамыз. Олай болса, осылардың бәрін, Қазақстан тарихын дәуірлеу кезінде, әсіресе, соңғы үш жүз жылдағы өзгерістердің атын атап жазуымыз керек.

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы қазақтың ұлттық идеологиясының негізі ретінде ортаға шықты. Олай болса, болашаққа жеткізер дұрыс бағдар ұстау үшін, рухани жаңғыру барысын бастан өткізуге тиіспіз. «Қазақ халқының рухани тұрғыдан жаңғырып, түлеуі дегенді кім, қалай түсініп, қалай іске асырады?» деген сұраққа, әркім өз қалауына жауап іздеп жатқаны анық. Мен тарихшы ретінде, өз тарапымнан оған қосар үлесімнің бір парасын жоғарыда атап өткен ой-толғанымдарыма көрініс тапты деп санаймын.

Әлімғазы ДӘУЛЕТХАН,
профессор, тарих ғылымының кандидаты





Енелерге қарсы күрес курсына шақырамыз

Ұрыс-керіске икемі бар, дау-жанжалға жаны құмар, төбелес кезінде екі білегін сыбанып, өсек айтатын ернін шүйіріп, тікен тілін безеп, екі көзі шатынап шыға келетін «дарынды» да шалымды, болашағынан мол үміт күттіретін келіндерді «Енелерге қарсы күрес» курсына оқуға шақырамыз. Келіндердің дініне, тіліне, отау құрған жылына, жолына, жасына шек қойылмайды.

Курсқа талапкерлер тегін қабылданады. Олар стипендиямен, жатақханамен және енелерді ұрып-соғу, сабау, сондай-ақ қарсыластармен қактығыста бронжелет секілді қорғану құралдарымен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар енемен бірге тұрған жылдарына «за вредность» төленеді.

Сабак кезінде Олар «Шымшу», «Бет жүлу», «Тырнау», «Кайын жұрт тарихы», «Ене тебу», «Тазквон-до», «Кайныата-до», «Өсек айту негіздері», «Күйеумен еркін күрес» тақылеттес дәрістер мен спорт түрлерін менгереді.



Қызығы мен қиындығы қатар тұратын бұл мамандықты ойдағыдай менгеріп, өзінің түгілі, өзгенің де енесін жұлып-жеуге қабілетті болған соң, олар шетелге, яғни Америкаға, Батыс Еуропаға, Ресейге тәжірибе алмасуға жіберіледі.

Курсты Шатак ғылымдарының докторы, профессор, «Енелерді қан қаксату» ғылым акалемиясының Құрметті акалемигі, Жезтырнак сыйлығының лауреаты Долықұл Бетпакова жүргізеді.

Біздің заманымызға сай құрылған оқу ордамыздың демеушілері «Абысындар алқасы», «Жас келіндер» АҚ, «Ене кене» фирмасы, «Мыстан» ЖШС, «Бізбике бикештер» кеңесі.

Отбасына егемен алып, дербес өмір сүргініз келсе, бізге келініз. Біз сіздерге қашан да қол ұшын, білек күшін бере аламыз.

«ЖААМАҒЫЗ КЕМНІР» АТЫНДАҒЫ МАЗАҚ АКАДЕМИЯСЫ



Мақал – сөздің майонезі



Байдың шарапаты тиер тар жерде,
МАИ-дың кесапаты тиер әр жерде.

Қазы да қазы жегісі келеді.

Батырын тарындырған жамағат жоқ,
Қатынын бағындырған азамат жоқ.

Депутаттың шынығар жері – сайлау.
Тынығар жері – Мәжіліс.

Қатын түнде жаман емес,
Күндіз жаман.

Ашу – тапаниша,
Ақыл – доллар.

Демеуші болмаған фирмадан,
Қаңырап тұрған ферма артық.

Ұл өсірме, қыз өсір,
Қалыңмалы оның көл-көсір.

Марапаты мен шарапаты жоқ
Басшыдан без.

Әйелімнің кеткеніне емес,
Құтылғанымға жылаймын.

Қатынның басы – зейнет,
Соңы – бейнет.

Ене – келіннің кейіпін көрсететін айна.

Біреудің байы біреуге,
Тауар артқан КамАЗ-дай көрінеді.
Біреудің әйелі біреуге,
Мерседестей сыңалдайды.

Ұйқысын көріп,
Депутатыңды таны.

Аңдамай сөйлеген косякқа кіреді.

Бастық күлсе,
Орынбасары езу тартады.

Бастықтың өзі білмегенді – тілі біледі.

Тоқал алсаң,
Бәйбішеңнің көзінен жас шығады.

Әйелдің өнері – өсеі.

Қатынның қасында
Тәуелсіздік те тұрлаусыз.

Мастың «тіліне» полиция түсінеді.

Паханын көріп түйіп ал,
Маханын сразу тыйып ал.

Өз әйелің ұрыспаққа жақсы.

Бастық ашуланса,
Еден жуушының мұрны қанайды.

Қатын байыса,
Байын ұрады

Тіл – өсекші,
Көз – стукач.

Бастықтың «жаманы» жоқ,
Дегенмен, жсел сөзден аманы жоқ.

Депутат дауыс жинарда шынығады,
Мәжіліс отырысында тынығады.

Әкімнің иілгені – тынғаны.

Депутатты «сайрай бер» деп дауға қой,
Министрді «сата бер» деп малға қой,
Ал халықты қару беріп жауға қой!

Офисте оймен ою оймаса да,
Мәжілісте сөзбен сызу сызады.

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ,
Бағабек Қыдырбекұлы
атындағы сыйлықтың
екі дүркін иегері.
«Алтын қалам»
сыйлығының лауреаты



Ашылатын болады

МЫСАЛ: жыл соңына дейін қалада 1400 жұмыс орны ашылатын болады.
Орыс тілінің ықпалымен орныққан, артық сөздерді қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате. -а/-е/-й көсемше тұлғалы етістік келер шақ (ауыспалы келер шақ) мағынасын бере алады. Сондықтан оған әрдайым бол көмекші етістігін тіркестіре берудің қажеті жоқ.

ДҰРЫСЫ: ашылады.

Аяқта тік тұрып жұмыс жасау

МЫСАЛ: Сатушы көбіне аяқта тік тұрып жұмыс жасайды.
Тұрақты тіркестердің ерекшелігін ескермеуден туындаған стильдік қате. Орыс тіліндегі на ногах деген тіркестің көшірмесі.

ДҰРЫСЫ: аяғынан тік тұрып жұмыс істейді.

Әжімді қалпына келтіру

МЫСАЛ: Әжімдерді жазады, нығайтады, қалпына келтіреді.
Бұл телеарнадағы кремнің жарнамасы. Алайда әжімдердің нығаюы, қалпына келуі – жарнама мақсатына, ойға кереғар. Крем бет терісін нығайтып, қалпына келтіруі тиіс. Сондықтан бұл сөйлемнің мазмұны логикалық қатеге жатады.

ДҰРЫСЫ: Әжімдерді жазады, бет терісін нығайтады, қалпына келтіреді.



Әйел жынысты

МЫСАЛ: Жәбірленуші Н.Т. мерзімінен бұрын босанып қалып, әйел жынысты нәрестені дүниеге әкелген.

Сөйлем дұрыс құрылмаған. Әйел жынысты орыс тілінің ықпалынан шыға алмау салдарынан пайда болған тіркес. Негізі жынысты сөзін қолданбай-ақ әйел десе де, оның жынысы белгілі болып тұрады. Әйел жынысты орыс тіліндегі женский пол тіркесін дәлме-дәл аударуға ұмтылу салдарынан туындаған қателік. Осы сөйлемдегі тірі нәресте деген қолданыс та артық. Адам баласы тірі туатыны онсыз да белгілі.

ДҰРЫСЫ: Жәбірленуші Н.Т. мерзімінен бұрын босанып, дүниеге қыз бала келген.

Әлемнің басқа нүктесінде

МЫСАЛ: Күнделікті тұрмысымызда интернетті қолдану қалыпты жағдайға айналғалы әлемнің басқа нүктесінде отырғандармен сөйлесіп, бейнесін де көре аламыз.

Әлемнің басқа нүктесінде тіркесі орыс тіліндегі в другой точке мира деген тіркесін калька тәсілімен аудару нәтижесінде пайда болған.

ДҰРЫСЫ: Әлемнің кез келген түкпірінде отырғандармен сөйлесіп, бейнесін де көре аламыз.

«СӨЗТҮЗЕР».
Қате қолданыстар сөздігінен

ЖАҢА КІТАП



Дала тарихы

Белгілі саясаттанушы һәм тарихшы Сұлтан Әкімбековтің «Дала тарихы» кітабы қазақ тілінде жарық көрді. Бұл еңбек Ежелгі Қытай империясының қалыптасуынан бастап, Еуразия кеңістігінде құрылған мемлекеттер тарихына дейінгі ауқымды кезеңді қамтиды.



Автордың пікірінше, біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырдағы Қытайдағы реформалар бірегей қытай мемлекеттілігін құрып қана қоймай, Дала шекарасындағы көшпенді империялардың пайда болуына тікелей себепші болды. Көшпенділер мен олар құрған мемлекеттердің тарихынсыз орасан зор Еуразия аймағының даму логикасын түсіну мүмкін емес.

Еуразия тарихындағы тағы бір маңызды кезең Монғолияда Шыңғыс хан мемлекетінің құрылуымен байланысты. Ұзақ уақыт бойы Еуразияның барлық көшпенділері монғол мемлекеттері әскерінің құрамына кірді. Бұл бұрынғы тайпалардың жойылуына әкеп соқтырды. Еуразия тарихындағы монғол кезеңінің маңызды бір салдары – орталықтандырылған Ресей империясының құрылуы.

Қазіргі заманғы біраз халық монғол мемлекеттерінің дәуірінен шықты. Олардың ішінде казактар да бар. Қазак тарихының күрделі кезеңдері де осы еңбекте қамтылған. Соның ішінде өзге көшпенді халықтардың тарихында жоқ, қызықты әрі өзіндік бір ерекше ұйымдастыру жүйесі саналатын қазақ жүздерінің пайда болуы сөз етіледі.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОКСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 ұй, №61 кеңсе, 3-жабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПМК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1065;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы – 5000 дана

*Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.*

Jas qazaq газеті «Караан», «Хорошие новости плюс» және KOK TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 күзлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.